Prodanik Vasily, Candidate of Science in Public Administration Higher educational institution «Interregional Academy of Personnel Management», Kiev, Ukraine;

Pyankova Alina, teacher. Regional State Educational Institution Altai Industrial and Economic College, Russian Federation;

Rakhingulova Manshuk, Doctor PhD, Head of the Department of General Legal and Special Disciplines of the Karaganda University of Kazpotreboyz, Karaganda, Republic of Kazakhstan;

Sagalakov Eduard, Cand. ist. Sci., Associate Professor, Khakass State University named after N. F. Katanova, Russian Federation;

Tokubaev Zayrolla, Vice-Rektor for Science of the Central Kazakhstan Academy Femida, Doctor of Law, Professor, Karaganda, Republic of Kazakhstan;

Trofimov Yakov, Candidate of Philosophical Sciences, Professor of the Department of General Education Disciplines, Academy «Bolashaq», Karaganda, Republic of Kazakhstan;

Shinkarev Andrey, PhD in Public Administration National Academy of Public Administration under the President of Ukraine, Kiev, Ukraine;

Khanov Talgat, Doctor of Law, Professor, director of the Research Institute of economic and legal researches, Karaganda University of Kazpotreboyz, Karaganda, Republic of Kazakhstan;

Bagashar Mukhametzhan, undergraduate, Bolashaq Academy, Karaganda, Republic of Kazakhstan.

ӨОК 159.922.73
ҒТАХР 14.25.01

Абилқасимова Гульзам

Botam@mail.ru

Киреева Улдай Тагбергеновна

uldai@list.ru

Жиёмбаева Әйгерім Муратқызы

Zhiembaeva.a@bk.r

**«Bolashaq» академиясы» Жеке меншік мекемесі
Қарағанды, Қазақстан**

ЖАЛПЫ БІЛІМ БЕРЕТІН МЕКТЕПТЕРДЕГІ БАЛАЛАРДЫҢ ЭМОЦИОНАЛДЫҚ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ-ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ СТРЕСС МӘСЕЛЕЛЕРІ

Мақалада жалпы білім беретін мектептердегі балалардың эмоционалдық педагогикалық-психологиялық стресс мәселесінің өзектілігі қарастырылған. Стресс ұғым шеңберінде көптеген ғалымдардың анықтамаларына талдау жасаған. Авторлар жалпы білім беретін мектептердегі балалардың эмоционалдық педагогикалық-психологиялық жеке ерекшеліктеріне, мінезіне, жоғарғы жүйке әрекетінің типтеріне орай стрестің бірнеше түрлерін анықтаған.

Тірек сөздер: білім беру, вербалды және вербалды емес, даму, дизорфографиялық коррекция, психология, стресс, эмоция.

Бүкіл өркениетті әлемде қоғам жалпыадамзаттық мораль мен әлеуметтік әділеттіліктің талабына сәйкес білім беруде балаларды кемсітуге жол берілмейді деген түсінікке келді. Қазақстан Республикасының заңнамасында балалардың құқықтарын қорғау саласындағы халықаралық құжаттарға сәйкес ерекше білім берілуіне қажеттілігі бар адамдар (балалар) ұғымы және жеке мүмкіндіктері ескеріле отырып, барлық білім алушылардың сапалы білім алуына тең құқықтар қағидаты енгізілді.

Елімізде білім беруді дамытудың мемлекеттік бағдарламасына сәйкес 2011 жылдан бастап инклюзивті білім беру кезең-кезеңімен енгізілуде. «Білім берудің қолжетімділігі мен инклюзивтілігін қамтамасыз ету» 1.1-тармағына сәйкес Қазақстан Республикасының 2025 жылға дейінгі Стратегиялық даму жоспары мынадай мақсаттарға қол жеткізуді көздейді [1]:

1. Инклюзивті білім беруді психологиялық-педагогикалық сүйемелдеуді қамтамасыз ету, психологиялық-педагогикалық сүйемелдеудің арнайы кабинеттерін құру, талап етілетін жұмыс біліктіліктері бойынша орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің оқу бағдарламаларын әзірлеу, педагог қызметкерлердің біліктілігін арттыру.

2. Ерекше білім беру қажеттіліктері бар адамдар үшін білім берудің барлық деңгейлеріне қолжетімділікті қамтамасыз ету бойынша жұмыс, жан басына қаржыландыру шеңберінде жоғары қаржыландыру нормативі көзделген, оларды оқытуға мемлекеттік тапсырыс ұлғайтылды.

Эмоциялық жай-күйін жалғасатын адамға өмір бойы. Олар ересек пен балада әртүрлі жолдармен көрінеді, онтогенезде және филогенез кезінде белгілі бір өзгерістерге ұшырайды. Эмоционалды күйлер көп қырлы: олар ашық түсті эмоцияларда (күлімсіреу, жылау және т.б.) және әртүрлі мотивацияларда (аштық, шөлдеу, кез-келген ұмтылыс және т.б.) және элементтер мен эмоциялар мен мотивацияларды біріктіретін күшті эмоционалды кернеулерде көрінеді [2].

Стресс ол кешенді үдеріс, міндетті түрде физиологиялық және психологиялық компоненттерден тұрады. Стресс психологиясы мен физиологиясы бойынша көптеген зерттеулер жүргізген қазіргі әлемдегі ең беделді және атақты ғалымдардың бірі, белгілі нейробиолог және психолог, Стэнфорд университетінің профессоры және Кениядағы ұлттық музей жанындағы приматология институтының ғылыми қызметкері Роберт Сапольский былай дейді: «Біздің болашақ туралы мазасыздануларымыз үнемі стресс туғызады. Эволюциялық адамдар зебралар сияқты

қауіптен қашуға және оған екпін жасауға бейім болып туады. Зебралар үнемі аса өткір стресстік реакция алады (физикалық угроза) алып, күресе алмай тез өліп қалады. Адамдардағы үнемі сақталатын стресстік реакциялар (психологиялық угроза) ешқашанда жойылып кетпейді және адамдармен олармен күресіп, зебраға қарағанда ұзақ өмір сүре алады. Сондықтанда стресс реакциясын қабылдағанда оны бақылай аласыз, соған жұмыс жасау керек» [3].

Біздің қазіргі уақытымыз ол стресстер уақыты. Бәріміз стрессті бастан кешіреміз, алайда стресске деген реакция бәрімізде бірдей емес, біреулеріміз қатты қайғырамыз, екіншілеріміз аса мән бермейміз, соның бәрі стрессті басқара алумен байланысты. Қазіргі білім саласындағы барлық әлеуметтік институттарда стрес бұл менеджмент мәселесі қаттаны белең алып, дамытылып келеді. Мектеп жүйесіндегі стресс мәселесінің маңыздылығы сонда көптеген педагогикалық-психологиялық зертеулер педагогикалық қарым-қатынастағы стресстік факторлардың пайда болу себептерін және оларды жеңудің тиімді тәсілдерін анықтауға арналған (О.Сурначёва [4], Л.А.Китаев-Смык [5], Л.И.Дикая, И.С.Дикий [6], А.Б.Леонова, О.Н.Чернышева [7] және т.б. басқалар).

Білімдер саласындағы педагогикалық қарым-қатынастың өзіндік ерекшелігі басқаша болып келеді, адамды адамның қабылдауындағы жас ерекшелігіне байланысты индивидуалды ерекшеліктер, кәсіби ерекшеліктердің және педагогикалық іс-әрекетте басқа адамдарды түсінуге деген қатынастар сияқты сұрақтар өте маңызды болып табылады.

Мектепте балаға деген қатынас бүгінгі жаңа уақыт талабымен өзгеруі керек, мәселен, психологиялық жайлылық (комфорт) дәрежесінің оқыту сапасы индексіне әсері жайлы айтсақ, қазіргі жаңа заман баласының балалық шағының көп бөлігі мектепте өтеді, ол әртүрлі қарым-қатынасқа түседі, құрбыларымен, ересек адамдар-мұғалімдермен, өзінен жоғары оқитындармен, мұғалім-оқушы қарым-қатынасы әрқашанда маңызды, бұл күндері тіпті ерекше, балаларда, қоғамда, біздер ересектерде өзгердік. Тәрбие беру үдерісі күннен күнге күрделенуде, психологиялық тұрғыдан педагог пен оқушының қарым-қатынасы да өзгеруде.

Алайда педагогикалық қарым-қатынастың психологиялық жайлылыққа әсері және білім саалсындағы стресс мәселесі өте аз зерттелінген. Ешкімге де құпия емес оқу үдерісінде оқушымен байланыс жасай алу қабілеті болмаса, қарым-қатынастың тиімді тәсілін қолдана алмаса, психологиялық жайлылық туғызбаса, кәсіби іс-әрекет белгілі бір табыстарға әкелмейді. Сабақта психологиялық жағымдылық жоқ болса, стресс көбейеді, балада сабақ оқу ынтасы, оқу үлгерімі жақсармайды. Оқушы жағымды эмоцияны сабақта көп алған сайын, психологиялық жайлылықты сезінген сайын оларға оқу жеңіл болатынын зерттеулер көрсетуде.

Оқу үдерісінде мұғалім-оқушы қарым-қатынасында жоғарғы танымдық белсенділіктің қалыптасуы, ол үдерістің позитивті және негативті, аралық (нейтраль) нәтижелерін және стресс сұрағын зерттеуде көптеген жағдайлар анықталды. Балалардың көпшілігі немесе қаншасы қорқыныш сезімін, қаншасы сол пән мұғалімі бойынша толқу сезімдерін, қай оқушы қарым-қатынас барысында төменгі психологиялық жайлылыққа ие болатынын және қаншалықты стресс алатынын анықтауға болады.

Осыған орай, ол нәтижелерді талдап, балаларға психологиялық көмек көрсету қажет болады. Егер төменгі психологиялық жайлылық көп болса және стресске көп түсіп кетсе ол міндетті түрде сабаққа да, оқушының жеке басының қалыптасуына да әсер етеді. Егер педагогикалық қарым-қатынаста педагог директивті педагогикалық қарым-қатынасты басып тастайтын стилді қолданса ол психологиялық жайлылық дәрежесін азайтады, әрі стресске апарады, сабақ сапасын кемітеді, оқу үлгерімін төмендетеді.

Сондықтан, жаңа уақыттағы мұғалім оқушының оқу сапасын жоғарлатам, стрессті азайтасам десе, оқушы сол пәнде өзін қалай сезінеді, мұғалімді қалай қабылдайды, өзіне деген қатынасты қалай көреді, ол не ойлайды, нені сезінеді соларды білуі керек, сондықтанда педагог мұғалім-оқушы жүйесінде қатынастар динамикасын, оқушының мінез-құлқы мен жеке басының қалыптасуын қадағалап отыруы керек. Білімдер сферасында психологиялық қызмет көрсету саласы өз бағдарламасы, жоспары, жұмыс жасау ерекшелігі негізінде оқу-тәрбие үдерісінде субъект-субъект қарым-қатынасына психологиялық ықпал жасау міндетін қояды.

Бүгінгі мектептің психологы қандай мәселелерге ден қоюы керек, мысалы балаға деген индивидуалды психологиялық ықпал көрсетуде баланың қабілетін дамыту үшін оларда жағымды эмоцияларды қолдана білу, стрессті азайту жолдарын іздестіру, педагогикалық қарым-қатынас өнерін білу, сабақта, сабақтан тыс оқушымен жағымды қатынас орната білу, әсересе сабақта эмоцияның қандай маңызды рөл атқаратынын білуі керек. Әр сыныпта оқитындардың өздерінің жастарына қарай қандай психологиялық ерекшеліктері болады, қандай психологиялық дағдарыстар, қиындықтар

болады, стресс туралы психологиялық сауаттылығы, өзара түсінісу қарым-қатынасының негізі неде екенін ажырата білуі керек.

Сабақта бала шаршамай, стресстік күйді көп рет бастан кешірмеу үшін мұғалімде баланы қандай-да бір шығармашылық бағытта ұйымдастыра алу қабілеті мен мұғалімнің өзінің тұлғалық сапаларының дұрыс болуы қажет. Тек баламен ғана емес басқада педагогикалық іс-әрекет субъектілерімен қарым-қатынас жасай алу икемділігі үшін психологиялық қызмет жүйесі көптеген тренингтер ұйымдастырады, яғни қарым-қатынаста вербалды және вербалды емес құралдар арқылы сабақта психологиялық қолдау көрсете алу ептілігін дамыта алады. Мысалы орта кластарда көп кездесетін дизорфографиялық коррекция жұмыстарын атқарады, яғни жазба жұмыстары бойынша артта қалу, ауытқушылық жағдайларын түзейді, тілдік дамуларына көмек бере алады, мектептегі білім беру ортасының психологиялық шарттарына диагностика жүргізеді.

Сондай-ақ терроризм және білім беру кеңістігінің қауіпсіздігі деген семинар сабақтары, оқушылардың дамуын жеделдететін ойын сабақтары, стрессті азайтатын тренинг сабақтары жүргізілуі керек, мектеп психологтары көбінесе диагностикалық жұмыспен көп айналысып (тестілеу, анкеталау, зерттеу) кетеді де басқа проблемді жақтар назардан тыс қалады. Мысалы оқушылар адаптация үдерісіне қатысты психофармакологиялық коррекциялау үдерістерінде дезадаптацияға қатысты глицин қабылдау жолдарын алуы керек, бұл глицин әсіресе тез шаршайтын, витаминдердің тапшылығы бар, тонусы төмендеген, эмоциялық сферасында ауытқулар бар, мазасыздану деңгейі жоғары, стресс кіудегі балаларға ұсынылады.

Қазіргі балаларда агрессия мен стресс көп соған байланысты теледидарда көрсетілетін бағдарламаларға, кітаптарда баяндалатын адам жауыздығын көп беретін оқиғаларға қатысты педагогикалық-психологиялық сараптамалар қажет болып табылады.

Мектептегі оқу үдерісінің тиімділігі тікелей педагогикалық қарым-қатынаспен байланысты, педагогикалық қарым-қатынас табысты болса оқу мен тәрбиеде табысты болады. Әр пәндерді интеграциялау керек мысалы әдебиет сабағы мен психологияны бірге беру өте тиімді. Нарық заманына орайласқан жаңа уақытта мектеп психологиясының алдында көптеген міндеттерді қойып отыр. Жеткіншектермен психологиялық жұмыс ерекше, мәселен олардың қарым-қатынастағы, мінез-құлықтағы, эмоциялық сферасындағы әсіресе стресстік күйзелістеріне қатысты мәселелерді зерттеу аса маңызды. Балалардағы креативтілікті іздеп табу оларға психологиялық қолдау жасау ол да шешімін таппай жатады. Оқушыларда коммуникативті қабілетерді яғни дұрыс қарым-қатынас жасай алу психологиясына үйрету, мектептегі дезадаптацияның бірі диалогты қарым-қатынастың дұрыс қалыптаспауы, яғни мұғалім мен оқушының жеке диалогты қарым-қатынасының мүлдем болмауы, көптеген түсініспеушілікті тудырады.

Жетім балалармен, тәуекел тобын құрайтын балалармен педагогикалық-психологиялық жұмыстар, оқушылардың психологиялық ағартушылығын қамтамасыз ету, олармен психологиялық жұмыс жасау, қарым-қатынас ерекшеліктерін білу, балалардағы тұлға аралық қарым-қатынасты, балалардағы стресс, қорқыныш, мазасыздануларды зерттеу аса маңызды. Ата-анамен жұмыс «мен өз баламды білемін бе» деген психологиялық ақпараттар беру, психологиялық сауаттылықты көтеру, дін мәселесіне байланысты профилактика жұмыстары, ата-ананың отбасында баламен қарым-қатынаста позитивті ішкі бағдарын дамытуы, рухани өнегеліктің дамуы, педагогтар үшін кәсіби стресс пен профилактика жұмыстары, тұлғалық дамудың негізгі көрсеткіші өзіндік бағалауды дамыту, адаптация үдерісін психологиялық қамтамасыз ету, отбасы психологиялық қамтамасыз ету, мектепте психологиялық апталық жасау, психологиялық фестиваль ұйымдастыру, конфликтология мәселесі сияқты сұрақтар жаңа уақыт талабымен үндесуі керек.

Сонымен, мектептегі психологиялық қызмет жүйесі барлық сұрақтарға көмектесуге мүмкіндігі жоқ болғандықтан мемлекеттік немесе мемлекеттік емес басқада көптеген психологиялық қызмет көрсету жүйелерін, солардың бірі психологиялық орталықтар, білімдер саласындағы практикалық психология орталықтары, психологиялық тренинг орталықтары, интернет конференциялар, қысқы жазғы психологиялық мектептер ұйымдастырылуы керек деп санаймыз. Білім саласында стресс - менеджмент дамыту және қолға алу аса қажетті сұрақтардың бірі болып саналады.

Әдебиеттер тізімі:

1. Стратегический план развития Республики Казахстан до 2025 года (Указ Президента Республики Казахстан от 15 февраля 2018 года, № 636)

2. Изотова Е.И., Никифорова Е.В. Эмоциональная сфера ребенка: Теория и практика: Учеб. пособие для студ. высш. учеб. заведений. - М.: Издательский центр «Академия», 2004. - 288 с.

3. Сапольски Р. Психология стресса. пер. с англ. под ред. Е.И. Николаевой; [пер. с англ. М. Алиева и др.]. - 3-е изд. - Москва: Питер, 2015. - 480 с.
4. Сурначёва О. Мектепте оқушыны оқытуға психологиялық дайындық. - Астана: «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ Педагогикалық шеберлік орталығы, 2017. -235 б.
5. Китаев-Смык Л.А. Психология стресса. - М.: Наука, 1983. - 368 с.
6. Дикая Л.И., Дикий И.С. Основы психофизиологии. - Ростов-на-Дону: ФГАОУВО Южный Федеральный Университет, 2016. - 128 с.
7. Леонова А.Б., Чернышева О.Н. Психология труда и организационная психология: современное состояние и перспективы (хрестоматия). М.: «Радикс», 1995. - 448 с.

РЕЗЮМЕ/RESUME

Абилкасымова Гульзам

Киреева Улдай Тагбергеновна

Жиембаева Айгерим Муратқызы

Частное учреждение «Академия «Bolashaq», Караганда, Казахстан

ПРОБЛЕМЫ ЭМОЦИОНАЛЬНОГО ПСИХОЛОГО-ПЕДАГОГИЧЕСКОГО СТРЕССА ДЕТЕЙ В ОБЩЕОБРАЗОВАТЕЛЬНЫХ ШКОЛАХ

В статье рассматривается актуальность проблемы эмоционального психолого-педагогического стресса у детей общеобразовательных школ. В рамках понятия стресс проанализированы определения многих ученых. Авторы выделили несколько видов стресса в зависимости от эмоциональных психолого-педагогических особенностей, характера, типов высшей нервной деятельности детей общеобразовательных школах.

Ключевые слова: образование, вербальное и невербальное, развитие, дизорфографическая коррекция, психология, стресс, эмоция.

Abilkassimova Gulzam

Kireeva Ulday

Zhiembayeva Aigerim

«Bolashaq» Academy» Private institution, Karaganda, Kazakhstan

PROBLEMS OF EMOTIONAL PSYCHOLOGICAL AND PEDAGOGICAL STRESS OF CHILDREN IN SECONDARY SCHOOLS

The article deals with the relevance of the problem of emotional psychological and pedagogical stress in children of secondary schools. Within the framework of the concept of stress, the definitions of many scientists are analyzed. The authors identified several types of stress depending on the emotional psychological and pedagogical characteristics, character, and types of higher nervous activity of children in general education schools.

Keywords: education, verbal and non-verbal, development, dysorthographia correction, psychology, stress, emotion.

List of references:

1. Strategic Development Plan of the Republic of Kazakhstan until 2025 (Decree of the President of the Republic of Kazakhstan dated February 15, 2018. No. 636).
2. Izotova E.I., Nikiforova E.V. Emotional sphere of the child: Theory and practice: Textbook for students. higher. study. Moscow: Publishing center «Academy», 2004. - 288 p.
3. Sapolski R. Psychology of stress. under the editorship of E.I. Nikolaeva; [transl. - 3rd ed. - Moscow: Piter, 2015. - 480 p.
4. Surnacheva O. Mctate ousine outwa psychologically dayindi. - Astana: «Nazarbayev Setcalc mektuplar» DBB Pedagogical sebelk center, 2017. -235 p.
5. Kitaev-Smyk L. A. Psychology of stress. - Moscow: Nauka, 1983. - 368 p.
6. Dikaya L.I., Dikiy I.S. Fundamentals of psychophysiology. - Rostov-on-Don: Southern Federal University, 2016. - 128 p.
7. Leonova A.B., Chernysheva O.N. Labor psychology and organizational psychology: current state and prospects (textbook). Moscow: «Radiks», 1995. - 448 p.

Әлімбек Гауһар Рысбекқызы
Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті
Нұр-Сұлтан, Қазақстан Республикасы
alimbek_gaukhar@mail.ru


ҚАЗАҚ ТІЛІН ОҚЫТУДА ПРОБЛЕМАЛЫҚ ОҚЫТУ ӘДІСІН ҚОЛДАНУДЫҢ ТИІМДІЛІГІ

Мақалада проблемалық әдіс арқылы қазақ тілін үйретудің тиімділігі мен ерекшелігі қарастырылады. Тіл үйретуде проблемалық әдісті қолдану арқылы студенттердің ойлау, зерттеу, шығармашылық қабілетін дамытып, белсенділігін арттыратындығы зерделенді. Сонымен қатар тіл үйретуде проблемалық оқыту әдісінде берілетін тапсырмалардың түрлері мен берілу тәсілдері көрсетіледі. Проблемалық оқыту әдісі бойынша дайындалған тапсырмалар студенттердің тілді өз бетінше игеруіне қызығушылық туғызатыны жайлы әрі тіл үйренушілердің деңгейіне қарай тапсырмалардың берілу қажеттілігі мен маңыздылығы айтылады. Сондай-ақ проблемалық оқыту әдісінің басқа әдістерден артылықшылықтары айқындалады. Проблемалық оқыту әдісі бойынша тапсырмаларды тіл үйренушілердің тілді білу деңгейіне сәйкестендіру мен талаптары сөз болады. Проблемалық оқыту әдісінде тіл үйренушілерінің деңгейіне қарай тапсырмалардың жасалуы маңызды екені нақты тапсырма үлгілері арқылы дәлелденеді. Тапсырмалардың түрленіп берілуі проблемалық оқыту кезінде сабақтың тиімді әрі қызықты өтуіне негіз болатындығы да, студенттердің қызығушылығын оятатындығы да нақты деректер арқылы тиянақталады.

Тірек сөздер: проблемалық сұрақтар, жағдаяттық тапсырмалар, кластер, сұхбаттар, оқыту әдісі, монолог, диаграмма, статистикалық деректер, мәтін.

Тіл үйретуде қолданып жүрген тиімді әдістің бірі – проблемалық оқыту. Проблемалық оқыту әдісінің негізін қалап, зертеген ғалымдар бар. Бірақ нақты осы әдіске қатысты тапсырмалар үлгілері қандай болу керек, тапсырманы қалай беру керектігі жайлы аз айтылады. Осы мәселеге қатысты өз тәжірибеммен, пікірімен бөліскім келеді. Проблемалық оқыту дегеніміз не?

Т.А.Ильина: «Самое главное в проблемном обучении состоит, как нам представляется, в организационной структуре процесса познавательной деятельности обучаемого. При традиционном обучении (так называемом «объяснительно-иллюстративном») преподаватель сообщает готовые знания: объясняет новый материал, доказывает выдвигаемые положения, подкрепляет их иллюстративным материалом и т.д. Обучаемый воспринимает сообщаемое, осмысливает его, запоминает, заучивает. При проблемном же обучении преподаватель не сообщает знаний в готовом виде, а ставит перед обучаемыми задачу, заинтересовывает их, побуждает искать пути и средства для ее разрешения, в поисках которых обучаемые приобретают новые знания» [1976, с. 40] – деп жазады. Яғни, проблемалық оқыту әдісінде оқытушы білімді дайын түрде баяндап бермейді. Студенттердің алдына проблемалық міндет қояды. Студент өздігінен ізденіп, мәселені еңсеру жөніндегі шешімді өзі қабылдайды. Проблемалық оқытуда оқытушы студенттерге әртүрлі жағдаяттық тапсырмалар беріп, студенттердің проблеманы өз бетімен шешуіне, ізденіп жұмыс істеуіне жағдай туғызады. Осы әдіс арқылы сабақты ұйымдастырып, оқытушы тіл үйренушілерді өз бетімен жұмыс істеуге үйретеді. Бұл проблемалық оқытудың басты ерекшеліктерінің бірі. Яғни, проблемалық оқыту – бұл оқытушы ұйымдастырған пән мен оқытудың проблемалық ұсынылған мазмұны арасындағы белсенді өзара әрекеттестік әдісі. Проблемалық оқытудың баламасы – эвристикалық оқыту. Яғни білімді шығармашылықпен үйрету болып табылады. Сонымен қатар проблемалық оқыту әдісі тіл үйренушінің ой-өрісін, логикалық ойлау қабілетін, шығармашылық әрекетін дамытуға негізделеді. Проблемалық оқыту әдісінің мақсаттары:



Проблемалық оқытудың әдіс-тәсілдері қандай? Проблемалық тапсырмалардың басқа тапсырмалардан қандай айырмашылығы бар?

В.Оконь: что такое проблемная задача и чем она отличается от проблемы? Процесс мышления, по мнению автора, имеет место, «...когда ученик более или менее самостоятельно решает определенную задачу проблемного характера» [1968, с. 35] – деп жазады. Қазақ тілі сабағында қолданылатын проблемалық оқыту әдісі бойынша берілген лексикалық тапсырмалар студенттен шығармашылықты, ішара ізденушілікті міндеттейді. Өйткені проблемалық оқыту әдісі студенттің білім мен ой-өрісіне негізделеді. Оқытушы қазақ тілі сабағында проблемалық жағдаяттық тапсырмаларды топтық немесе жеке жұмыс ретінде студентке береді. Студенттер мәселені қалай шешуге болатындығын сипаттайды және проблемалық тапсырмаларға өз ойларын білдіріп, қорытынды жасайды.

Мысалы:

1. Жыл сайын 3 миллиардтан астам адам сапасыз судың кесірінен пайда болатын әртүрлі дерттерден зардап шегеді. Бүгінде су тапшылығы бүкіл әлемнің өзекті мәселесі. Біз қазір әлем бойынша, судың жетіспеушілігіне қатысты үлкен ғаламдық дағдарыстың алдында тұрмыз. Бұл мәселе әлемдік деңгейдегі түрлі форумдарда талқыланып жатыр. Бірақ әзірге ауыз толтырып айтарлықтай нәтиже жоқ. Ғалымдардың айтуынша ауыз су мәселесін қалай шешуге болады?

2. Қазіргі таңда артық салмақтан арылу бүкіл әлемдік мәселеге айналып отыр. Себебі, артық салмақ адамдардың ағзасына әсерін тигізіп, аурудың түрлерін көбейтіп отыр. Әсіресе жастар, балалар арасында семіздік ауыруы жылдан жылға көбейіп барады. Бұл мәселені қалай шешуге болады?

3. Қазіргі таңда ғаламдық проблемалардың бірі – экология. Әсіресе, ауаның ластануы адамдардың, жануарлардың, өсімдіктердің тіршілігіне зиянын тигізіп отыр. Осы мәселені қалай шешуге болады?

Проблемалық оқыту әдістері: проблемалық баяндау, зертеушілік, сұхбат түрінде, монологтік мазмұндау, миға шабуыл әдісі, іздеу әрекеті, эвристикалық (пікір алысу), талдау, пайымдау. Оқытушы проблемалық оқыту әдісіне негіздеп тапсырмалар жасаған кезде осы әдістің талаптарын сақтау керек. Проблемалық оқыту әдісінің тапсырмаларына қойылатын негізгі талаптар қандай болу керек? Олар:

Проблеманың болуы;

Проблемалық жағдаят (ахуал) тудызу;

Оқу ақпаратының сәйкестілігі;

Проблеманы талдауда қайшылықтардың кездесуі;

Проблемалық сұрақтарды грамматикалық және стилистикалық жағынан сауатты құру.

Тіл үйренушілердің алдына проблемалық міндет қойғаннан кейін мәселенің шешілу жолдарын тіл үйренуші өзі іздестіруге тиіс. Сондай-ақ сол мәселені шешу жолдары да ұсынылады. Бұл әдісті пайдаланған жағдайда қойылған мәселелердің дұрыстығын деректер арқылы тексеріп алу өте маңызды. Осы бағыттағы жұмыс жүргізілгеннен кейін қол жеткен нәтижелерді қорытып, тіл үйренушілерді бұрынғы білгеніне қосқандарын қайталау, пысықтау, арқылы бекіткен абзал. Оқытушы проблемалық оқытуды ойдағыдай іске асыру үшін студенттерге ұсынатын тапсырмаларда осы әдістің талаптарын сақтау аса маңызды. Мысалы, проблемалық сұрақтар берілетін болса, бұл тапсырманы жүйелі жасап шығуы қажет. Ондай сұрақтар тіл үйренушілердің сана-сезіміне қозғау салуға тиіс. Мысалы, оқытушы студенттерге қоғамдағы ең өзекті проблемалық мәселені баяндай келіп, оларды ойландыратын, іздеу әрекетін туғызатын сұрақтар дайындау қажет. Мысалы, оқытушы: *«Қазір әлеуметтік желіге тәуелділік ең үлкен проблемалардың бірі. Сіздер қалай ойлайсыздар? Әлеуметтік желіге тәуелділік жастарды қайда апарды? Онлайн өмірдің зардаптары қандай болады?»* – деп баяндай келіп, студенттің алдына нақты проблемалық жағдаяттық тапсырма ретінде сұрақтар беруіне болады.

Студенттерге берілген жағдаяттық тапсырмалар сабақ тақырыптарымен міндетті түрде байланысы болуы керек. Оқытушы проблемалық оқыту әдісінде сабағын күнделікті өмірдегі жағдаятты (ахуалды) студенттің алдына әкелу арқылы, тақырыпты ашып, мәтіндегі лексиканы күнделікті өмірде қалай қолдануға болатынын осындай сұрақтар беру арқылы бекітеді. Сонымен қатар, оқытушы зертеушілік, ішінара іздеу әдісі, пікір алысу әдісі арқылы студенттің ой-өрісінің дамуына және шығармашылық әрекетін дамытуға жұмыс жасайды. Оқытушы қазақ тілі сабағында осындай тапсырмаларды пайдалана отырып, жаңа сабақтың тақырыбын, мазмұнын ашып қана қоймай, студенттердің белсенділігін туғызып, өз ойын, пікірін еркін жеткізуге үйретеді.

Жағдаяттық тапсырмалар түрлерінің көп екендігіне қарамастан олардың барлығына ортақ құрылымы бар. Олар негізінен тақырыптан, жағдаяттан, танымдық мәселеден, сол мәселеге қатысты мәліметтер мен сұрақтардан тұрады. Бұлардың әрқайсысына нақты талаптар қойылады. Мысалы, тіл үйренушілерге ұсынылған мәтіннің тақырыбы тіл үйренушілердің назарын бірден аударатындай қызықты, тартымды болуға тиіс. Ал жағдаят шынайы өмірден алынған оқиға немесе проблема болуы керек. Танымдық мәселеге келсек, ол жеке адамды қызықтыратын, оған керек маңызды нәрсе болғаны абзал. Проблемалық тапсырмаларды әртүрлі беруге болады. Бұл проблемалық тапсырмалардың барлығы студенттің тапсырмамен жұмыс істеуге итермелеп қана қоймайды. Сонымен қатар олардың өткен сабақты бекітуіне, игеруіне жұмыс жасайды.

И.А.Зимняя: «...степень проблемности присуша учебной ситуации, в которой человек: 1) сам формулирует проблему (задачу); 2) сам находит ее решение; 3) решает и 4) самоконтролирует правильность этого решения» [1994, с. 14]. – деп жазады. Яғни, жақсы ойластырылған жағдаяттық тапсырмалар мәселені қойып, оны шешу жолдарын іздеуге, әрбір тіл үйренушінің оны өз бетімен шешуіне мүмкіндік туғызады. М.И.Махмутов: «Существенным моментом является то, что проблемное обучение характеризуется системой не любых методов, а именно методов, построенных с учетом целеполагания и принципа проблемности» [там же, с. 257]. Наряду с этим автор подчеркивает, что проблемность предметно-содержательной стороны познавательного процесса, связанная с движением и разрешением противоречий, выступает «как закономерность познания, обуславливающая умственный поиск и решение проблем путем выдвижения гипотез, моделирования, мысленного эксперимента и догадки» [там же, с. 39-40] – деп жазады. Мысалы, *Әлеуметтік желіге тәуелділік жастарды қайда апарды? «Онлайн өмірдің» зардаптары қандай болады?* Бұл сұрақтарға студенттер қалай жауап беруі мүмкін. Әрине, топтағы студенттер сұраққа әртүрлі жауап береді. Біреулері жорамал жасаса, енді біреулері дәлелді жауап беретіні сөзсіз. Оқытушы тапсырмаларды мұхият тындап, студенттерге берілген жағдаяттық тапсырмаларға қорытынды жасатады. Осы жағдаяттық тапсырма бойынша студенттер гипотезалар жасайды.

Бұл сұраққа студенттер сұраққа әртүрлі жорамалмен, болжаммен жауап беруі мүмкін. Мысалы,



1-студент:

Мамандардың айтуынша, көбіне интернетке тәуелділікке душар болатындар – жасөспірімдер. Олар интернет арқылы өздеріне пайдасыз ақпаратты көбірек алады. Олар күндіз-түні компьютерде отырып, әлеуметтік желінің қызығына түседі. Әлеуметтік желі жастарды достарымен, отбасымен, туыстарымен қарым-қатынасын бұзуға әсер етеді. Әлеуметтік желі адамдарды бақытсыз етеді. Ғаламтор жастарды өзінің қызықты ақпараттарымен баурап, отбасынан, қоғамнан алшақтатуы мүмкін.

2-студент:


Жалпы компьютердің алдына ұзақ отырып алмай, ғаламторды ретімен пайдаланса, өзіне қажетті деген сайттар мен ресурстарға кіріп, керегін ала алса, онда ғаламтордың ешқандай зияны жоқ. Ғаламтор арқылы әртүрлі курстар мен тренингтерге қатысуға болады. Ғаламдық желі арқылы адамдар өз білімдерін жетілдіреді.

Ғаламтор арқылы алыста жүрген ата-анаңмен, туыстарыңмен, достарыңмен емін-еркін байланыста боласыз, сөйлесесіз, хабарласасыз. Ғаламторсыз адамзат өмір сүруі мүмкін емес.

3- студент:


Ғаламтордың зиянды жақтары бар. Ол адамның денсаулығына әсер етеді. Компьютер алдында ұзақ отырған адамның денсаулығы нашарлайды. Себебі, адам қозғалыссыз ұзақ отырса, бел, арқа, көз аурулармен ауыруы мүмкін.

Сонымен қатар жағдаяттық тапсырмалар бойынша студенттер аргумент жасайды.



Осы жағдаяттық тапсырмалардың жауаптары негізінде студенттер проблемалық сұраққа қорытынды жасайды. Яғни студенттер сабақта айтылған пікірдің, айтқан ойлардың, ақпараттардың негізінде тұжырым жасап, берілген кестені толтырып, орындауы қажет. Мысалы, оқытушы кестені студенттерге төмендегі үлгіде жасап, тапсырманы орындауға береді. (кесте 1)

Кесте 1



Сонымен проблемалық жағдаят деген тіл үйренуші іштей түйсінген ойлау қиыншылығы. Сондықтан да проблемалық жағдаятты құру үшін нақты практикалық тапсырмалар берген абзал. Біздің тәжірибемізде байқалғанындай, нақты өмірде жиі ұшырасатын түрлі жағдаяттарға байланысты құрылған тапсырмалар, сұрақтар тіл үйренушілерді сөйлеуге, сол жағдаяттан шығуға итермелейді. Бұл тәсіл сонысымен де тиімді. Тәжірибиелі оқытушы проблемалық оқыту әдісі бойынша тапсырмаларды тіл үйренушілердің тілді білу деңгейіне сәйкес жасайды. Өйткені тіл үйренушілердің деңгейіне қарай тапсырмалардың жасалуы маңызды. Проблемалық тапсырма өзі

проблемалық жағдай болып табылмайды, ол белгілі бір жағдайларда ғана проблемалық жағдайды тудыруы мүмкін. Бір проблемалық жағдай түрлі тапсырмалар типтерінен туындауы мүмкін.

Т.А.Ильиной: «...проблемное обучение можно применять в процессе освоения студентами обобщенных знаний – понятий, правил, законов, причинно-следственных и других логических зависимостей. Оно целесообразно и тогда, когда ставится задача специально обучать приемам и способам умственной деятельности, нужным для добывания знаний и решения поисковых задач» [1976, с. 47] – деп жазады. Проблемалық оқыту әдісінде студенттің ақыл-ойын, шығармашылық қабілетін дамытуға негізделген тапсырмалар тиімді. Жалпы проблемалық оқыту технологиясында оқытушы студенттердің алдында мәселе қояды және оны студенттер белсенді тыңдап, талқылау арқылы жағдаяттық тапсырмаларды өздері шешеді. Бұл әдіс оқытушының басшылығымен студентті өз бетінше шешім іздеуге бағыттайды. Бұл әдіс ішнара іздеу әдісі деп аталады. Олар қиындықты мұғалімнің тікелей қатысуымен немесе өз бетінше, оны шешу жолдары мен тәсілдерін зерттейді. Проблемалық оқыту әдісіндегі жағдаяттық тапсырмаларда студенттер:

Гипотеза салады;

Аргумент жасайды;

Нәтижелерін талқылайды;

Пікірлеседі;

Зерттейді;

Ішнара ізденеді.

Проблемалық оқыту әдісінде лексикалық тапсырмаларды әртүрлі жасауға болады. Олар сұрақтар, сөзжұмбақтар, кластер, сұхбат, монолог, диаграмма, статистикалық деректер, ақпаратты мәтін түрінде тағы басқа үлгіде беруге болады. Сабақ беру барысында тапсырмаларды әртүрлі беру оқытушының шеберлігіне, тәжірибесіне байланысты. Оқытушы проблемалық тапсырманы әртүрлі үлгіде құбылтып беруіне болады. Мысалы, тапсырманы проблемалық бақылау сұрақтары түрінде беруге болады.

Жер ресурстары адам санының өсуіне төтеп бере ала ма?

Адам санының өсуі қандай зардаптар әкеледі?

Мысалы, мына тапсырмада студент берілген пікірге өз ойын білдіреді.

А) Адам санының өсуі көптеген мәселелерді тудырады. Мысалы, халықтың өсуі әлуметтік-экономикалық жағдайды шиеленістіріп, арты дағдарыс пен аштыққа ұрындыруы ғажап емес. Себебі, ...

Ә) Халықтың өсуі экологиялық апаттар туғызады. Себебі, ...

Сонымен қатар, оқытушы монологтік мазмұндау әдісі бойынша мәтін арқылы сұрақ қою арқылы тапсырма жасауға болады. Мысалы,

Тұщы су қоры дүние жүзіндегі барлық судың тек 3%-ын ғана болады. Кейбір тұщы суды ластанса мүлдем қолдануға келмейді. Қазіргі уақытта әлемдегі барлық халықты таза ауызсумен қамтамасыз ету ең өзекті мәселелердің бірі деуге болады. Кейбір зерттеушілер әлемде су тапшылығынан соғыс болуы да мүмкін дейді. (Сіздер бұл туралы не ойлайсыздар?)

Сондай-ақ жағдаяттық тапсырмаларды сұхбат түрінде де жасауға болады. Бұл тапсырмаларда миға шабуыл әдісін қолдануға болады. Студенттер берілген кластердегі сұрақтарға жауап жазады. Мысалы,

А)

– Сәлеметсіз бе! Бұл «Сіз қалай ойлайсыз?» радиохабары.

– Сәлеметсіз бе!

– Сіз қалай ойлайсыз? Адам ұзақ өмір сүру үшін не істеу керек?

– Қазақ халқының «Ашу – дұшпан, ақыл – дос» дейтін сөзін ескеріңіз. Өміріңіз қызықты әрі ұзақ болсын десеңіз, көңілді болыңыз. Күліп жүріңіз. Ашуланбаңыз. Ашу адамды тез қартайтады.

– Рақмет! Сіздер «Сіз қалай ойлайсыз?» радиохабарын тыңдадыңыздар.



Ә)


– Сәлеметсіз бе! Бұл «Сіз қалай ойлайсыз?» радиохабары.

- Сәлеметсіз бе!

– Сіз қалай ойлайсыз? Бақытты, үлгілі отбасы болу үшін не істеу керек?

Адам өз өмірінде сүйу, таңқалу, өкпелеу, өкіну, қуану, қайғыру сияқты әртүрлі сезімдерді басынан кешеді. Бір-бірінің сезімдерін сыйлап, өздерін лайықты ұстай білген адамдар ғана бақытты отбасы бола алады.

– Рақмет! Сіздер «Сіз қалай ойлайсыз?» радиохабарын тыңдадыңыздар.



Бақытты отбасы қандай болу керек

Оқытушы проблемалық жағдаяттық тапсырманы жоғарыда айтылғандай проблемалық оқыту әдісінің негізінде жаңаша жасап, студенттерге беруіне болады. Мысалы,

1. Димаиш Құдайберген әлемге танымал әнші емес еді. **Бірақ бір кезде**

2. Әлидің университетте достары болған жоқ. **Бірақ бір күні ...**

3. Жанар университеттегі баскетбол жарысына қатыса алмады. **Өйткені...**

4. Достары оқиганың бұлай аяқталуын күткен жоқ. **Себебі, ...**

Мысалы, мына тапсырмада студент жағдайға дәлелдеме келтіру керек. Оқытушының берген тапсырмасы бойынша студент қате ойдан, қате істерден шығу жолдарын дәлелдеп, өз ойын жеткізеді.

1. Темекінің денсаулыққа зиян екенін досыңызға дәлелдеп түсіндіріңіз. Досыңызды темекі шегуді тастауға көндіріңіз.

2. Құрбыңыз саяхатқа барғысы келді. Бірақ оның саяхатқа баруға қаржысы жеткіліксіз еді. Сондықтан ол өзін бақытсыз сезінді. Құрбыңызға ақша өмірдегі маңызы нәрсе емес екенін түсіндіріңіз. Дәлел келтіріңіз.

3. Ініңіз жылдам дайындалатын зиянды тамақтарды жеуге әуес. Бұл тағамдардың адам ағзасына зияндығын айтып, жаман әдеттен арылуға көмектесіңіз.

Жалпы жағдаяттық тапсырма жасап, сабақты қызықты ұйымдастыру оқытушының шығармашылық ізденісі мен оқыту шеберлігіне байланысты болады.

М.И.Махмутов: «Проблемное обучение строится на основе принципа проблемности, реализуемого через различные типы учебных проблем и через сочетание репродуктивной, продуктивной и творческой деятельности ученика» [Махмутов М.И., 1975, с. 250]. – деп жазады. Қорытындылай келгенде, проблемалық оқыту әдісінің басқа әдістерден артылықшылықтары студенттерді өздігінен жұмыс жасауға итермелейді және логикалық ойлау қабілетін арттырады әрі олардың өз бетінше барынша ізденуіне жағдай туғызады. Сонымен қатар олардың танымдық қызығушылығы мен зертеушілік шығармашылығын дамытады. Оқытушы студенттерге проблемалық жағдаят туғызу арқылы сабақты игеруіне ықпал етіп қана қоймай, олардың сөздік қорын байытуға, өз ойын, пікірін еркін жеткізуге үйретеді.

Әдебиеттер тізімі:

1. Ильина Т.А. Проблемное обучение – понятие и содержание // Вестник высшей школы. – Москва, 1976, № 2.

2. Оконь В. Основы проблемного обучения. – Москва: Просвещение, 1968. – 208 с.

3. Зимняя И.А. Проблемность в обучении неродному языку // Проблемность в обучении иностранным языкам в вузе: Межвузовский сб. научных трудов. – Пермь: Изд-во Пермского ГТУ, 1994. – С. 10-17.

4. Махмутов М.И. Проблемное обучение: основные вопросы теории. – Москва: Педагогика, 1975. – 368 с.

РЕЗЮМЕ/RESUME

Әлімбек Гауһар Рысбекқызы

Евразийский национальный университет им. Л.Н.Гумилева

Нур-Султан, Республика Казахстан

ЭФФЕКТИВНОСТЬ ПРИМЕНЕНИЯ ПРОБЛЕМНОГО МЕТОДА ОБУЧЕНИЯ В ОБУЧЕНИИ КАЗАХСКОМУ ЯЗЫКУ

В статье рассматривается специфика и эффективность обучения казахскому языку через проблемный метод. Было изучено, что с помощью проблемного метода в обучении языку учащиеся развивают и активизируют мышление, исследовательские, творческие способности. Также в обучении языку указываются виды и способы передачи заданий, которые даются в методе проблемного обучения. Отмечается, что задания, подготовленные методом проблемного обучения, вызывают интерес у студентов к самостоятельному овладению языком, а также необходимость и значимость выдачи заданий в зависимости от уровня изучаемого языка. Также выявляются отличия проблемного метода обучения от других методов. При проблемном методе обучения подразумеваются требования и соответствие заданий уровню владения языком изучающих язык. О том, что в методе проблемного обучения важно составлять задания в зависимости от уровня изучаемого языка, свидетельствуют конкретные образцы заданий. Вариативность заданий фиксируется как в основе эффективного и интересного прохождения урока при проблемном обучении, так и в реальных данных, которые вызывают интерес у студентов.

Ключевые слова: проблемные вопросы, ситуационные задачи, кластер, интервью, метод обучения, монолог, диаграмма, статистические данные, текст.

Alimbek Gaukhar

L.N.Gumilyov Eurasian National University

Nur-Sultan, Republic Of Kazakhstan

EFFECTIVENESS OF THE PROBLEM-BASED LEARNING METHOD IN TEACHING THE KAZAKH LANGUAGE

The article considers the specifics and effectiveness of teaching the Kazakh language through the problem method. It was studied that with the help of the problem method in language teaching, students develop and activate thinking, research, and creative abilities. Also, in the language training, the types and methods of transmitting tasks that are given in the problem-based learning method are indicated. It is noted that the tasks prepared by the method of problem-based learning arouse students' interest in independent language acquisition, as well as the need and significance of issuing tasks depending on the level of the language being studied. The differences between the problem-based learning method and other methods are also revealed. The problem-based learning method implies the requirements and compliance of the tasks with the language proficiency level of the language learners. The fact that in the method of problem-based learning, it is important to make tasks depending on the level of the language being studied, is evidenced by specific samples of tasks.

Keywords: problem questions, situational tasks, cluster, interview, training method, monologue, diagram, statistical data, text.

List of references:

1. Il'ina T.A. Problemnoe obuchenie – ponyatie i sodержanie [Problem-based learning-concept and content]. - Moscow, 1976, No. 2.
2. Okon V. Fundamentals of problem-based learning. - Moscow: Prosveshchenie, 1968. - 208 p.
3. Zimnyaya I.A. Problems in learning the foreign language // Problems in teaching foreign languages in higher education: Interuniversity collection of scientific papers. - Perm: Publishing House of the Perm State Technical University, 1994. - p. 10-17.
4. Makhmutov M. I. Problemnoe obuchenie: osnovnye voprosy teorii. - Moscow: Pedagogika, 1975. - 368 p.

Арунова Жанна Ануаровна
arunova73@mail.ru

«Bolashaq» академиясы» Жеке меншік мекемесі
Қарағанды, Қазақстан Республикасы
Утемисова Анаркуль Ибрахимовна
kalievaai06@gmail.com

«Қарағанды облысының балаларына арналған психоневрологиялық
әлеуметтік-медициналық мекемесі» КММ
Қарағанды қаласы, Қазақстан Республикасы

МҮМКІНДІГІ ШЕКТЕУЛІ БАЛАЛАРДЫ ҚОҒАМҒА БЕЙІМДЕУ

Бұл мақалада мүмкіндіктері шектеулі балаларды қоғамға бейімдеу мәселесі қарастырылады. Қазіргі қоғамда мүмкіндіктері шектеулі балаларды қоғам өміріне араластыру уақытты күттірмейтін негізгі мәселелер десе артық айтқандық емес. Дені сау балаларды қоғамға бейімдеу қандай күрделі болса, мүмкіндіктері шектеулі балаларды қоғамға бейімдеу екі есе қиын. Оны әрине мемлекет болып, қоғам болып қолға алуымыз керек.

Тірек сөздер: Мүгедек, мүмкіндіктері шектеулі, арнайы бағдарламалар, инклюзивті оқыту, инклюзия.

Қазақстан Республикасындағы білім беруді дамыту 2011 – 2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламада жалпы білім беретін мектептерде инклюзивті оқыту, білім беруді дамытудың негізгі міндеттері қатарына қойылған. Соңғы жылдары мүмкіндігі шектеулі балаларға деген көзқарас өзгеріп, оларды дамытуға ерекше мән беріліп отыр. Жалпы білім беретін мектептерде қалыпты дамыған оқушылармен қатар мүмкіндігі шектеулі балаларды оқыту бүгінгі таңда өзекті мәселеге айналды.

Барлық әлем жұртшылығының назарын аударып отырған мәселе балалардың жеке сұраныстары мен ерекшеліктеріне ортаның, отбасының қатысуымен білім беру үрдісіне толық қосуды қарастыратын инклюзивті білім беру. Осы жаһандық мәселеге әлем ғалымдары мынадай анықтама береді: инклюзивтік білім беру дегеніміз - барлық балаларды, соның ішінде мүмкіндіктері шектеулі балаларды жалпы білім үрдісіне толық енгізу және әлеуметтік бейімдеуге, жынысына, шығу тегіне, дініне, жағдайына қарамай, балаларды айыратын кедергілерді жоюға, ата-аналарын белсенділікке шақыруға, баланың түзеу-педагогикалық және әлеуметтік мұқтаждықтарына арнайы қолдау, яғни, *жалпы білім беру сапасы сақталған тиімді оқытуға бағытталған мемлекеттік саясат. Инклюзивті оқыту* – ерекше мұқтаждықтары бар балалардың жалпы білім беретін мектептердегі оқыту үрдісін сипаттауда қолданылады.

Демек, инклюзивті оқыту негізінде балалардың қандай да бір дискриминациясын жоққа шығару, барлық адамдарға деген теңдік қатынасты қамтамасыз ету, сонымен бірге оқытудың ерекше қажеттілігі бар балаларға арнайы жағдай қалыптастыру идеологиясы жатыр. Осы бағыт балаларды оқуда жетістікке жетуге ықпал етіп, жақсы өмір сүру жағдайын қалыптастырады [1].

Әлемнің дамыған елдерінде мүмкіндігі шектеулі балаларды қалыпты балалармен қосып оқытуға көп көңіл бөлінеді және бұл салада елеулі тәжірибелер жинақталған. Біздің отандық жалпы білім беретін мектептің іс – тәжірибесі үшін инклюзивті оқыту педагогикалық жаңашылдық деп бағалануы мүмкін. Себебі мәселенің жаңалығы қазақстандық жалпы білім беретін мектептердің іс – тәжірибесінде инклюзивті оқыту жан – жақты зерттеуді талап етеді.

Мемлекеттік бағдарлама негізінде 2020 жылға қарай мектептерде мүгедек балалар үшін көтергіш жабдықтар, пандустар, санитарлық бөлмелерде арнайы құралдар орнату, тұтқалармен, арнайы парталармен, үстелдермен және басқа да арнайы компенсаторлық құралдармен жабдықтау арқылы «кедергісіз аймақтар» құруы жоспарланған. 3030 мектепте мүмкіндіктері шектеулі балаларды оқытуға және тәрбиелеуге тең қол жеткізу үшін жағдайлар жасалу міндеті (мектептерде педагог-дефектологтардың, балаларды психологиялық-педагогикалық сүйемелдеудің, арнайы жеке техникалық және компенсаторлық құралдардың болуы) алға қойылған.

Үйде білім алатын мүгедек балалар жеке мүмкіндіктері мен қажеттіліктері ескеріле отырып, компьютерлік техникамен қамтамасыз ету сияқты істері жүзеге асырылмақшы. Осылайша мемлекетіміз мүмкіндігі шектеулі жандарды әлеуметтік қорғау, олардың қоғамға етене араласуына,

оларды оңалту, жұмысқа орналастыру және жаңа жұмыс орындарын құру, білім алу, оқыту, қайта мамандандыруда қолдан келгенше жағдай жасамақшы.

Ғаламдық педагогика және психологияда инклюзивті оқыту мәселелері көптеген ғалымдар тарапынан зерттелінген мысалы: М. Ainscow, М.С. Reynolds, К.Хортон, М.Гуральник, Т.С.Лернера, Д.Брикер, Н.Д.Шматко т.б. еңбектерінде инклюзивті оқытудың проблемалары теориялық тұрғыдан қарастырылған. Соңғы жылдары Ресей ғалымдары Л.М.Шипицина, Л.П.Назарова, Л.И.Аксенова, Н.Н.Малофеев, В.В.Линькова, Н.Г.Чанилова, С.А.Марковой, В.Г.Маралова, Т.В.Егоров, Н.Д.Шевцовтың зерттеу жұмыстарында инклюзивті оқытудың көптеген аспектілері ашылып көрсетілінген. Қазақстандық ғалымдар Р.А.Сулейменова, А.Н.Алмаганбетова, А.К.Жалмухамедова, А.А.Баймуратова, Г.Д.Хақимжанова, Р.Ж.Жумажанова, К.Ш.Кумаржанова, А.А.Байтұрсынованың зерттеу жұмыстарында инклюзивті оқытудың кейбір мәселелері қарастырылған [2].

Алайда жалпы білім беретін мектептерде инклюзивті оқытудың көптеген проблемалары теориялық тұрғыдан да шешімін таппаған. Сондықтан қазіргі таңда жалпы білім беретін мектептерде мүмкіндігі шектеулі балаларды инклюзивті оқытудың қажеттілігі мен оның педагогикалық ерекшеліктерін айқындамағандығы, технологиясының жасалмағандығы қарама – қайшылықты туындатады. Бұл қарама – қайшылық жалпы білім беретін мектептерде инклюзивті оқытудың педагогикалық ерекшеліктері неде деген проблеманы тұжырымдауға мүмкіндік жасайды.

Біздің қоғамның жалпы мектеп жүйесіне интегративті білім беруді кіргізуге әлі де дайын еместігін көптеген зерттеулер белгіледі, себебі нормативті-құқықтық және ерекше балаларға білім беру аспектілері толығымен меңгеріліп болмаған, сонымен қатар бұл балалардың білім алу құқықтары анықталмаған. Арнайы педагогика және арнайы психология облыстарында білікті мамандар жетіспейді, кейбір білім беруді басқару органдары мен білім беру мекемелерінде дефектолог мамандарының ставкаларының саны қарастырылмаған. Дене кемістігімен ауру адамның әлеуметтік өміріндегі мінез-құлқының ауытқуына әкеп соқтырады. Әулеттегі кеміс балаға көбірек қамқорлық көрсетіп, оған басқа балаларға қарағанда ерекше көңіл бөлінеді. Бала басындағы бақытсыздық бәрінен бұрын оның маңындағы жақын адамдардың жанашырлық сезімін оятып, оған деген көзқарасты өзгертеді.

Кез келген семьяда кеміс балаға деген көзқарас оны басқа түскен масыл, не тағдыр жазасы деп санамай, қамқорлық пен мейірімділік құшағында болады. Балаға деген мұндай қамқорлық оған күшігі әсер етіп, ол өзін басқа балалардан бөлексіткендей сезінеді. В.Г.Короленко өзінің «Соқыр музыкант» деген шығармасында соқыр баланың семьяда ерекше саналып, оның айтқандарын екі етпей бұлжытпай орындал отыратындықтары туралы жазады.

Кемтар адамдардың әсіресе сипау сезімдері мен иісті түйсінулері әлдеқайда жетілген дейді. Алайда арнайы жүргізген зерттеу нәтижелері соқырдың сипау сезімі мен саңыраудың көру сезімінің бірқалыпты дамыған дені сау адамдардың сезімімен салыстырғанда, олардың арасында айтарлықтай айырмашылығы жоқ екендігін көрсетеді.

Осы мәселеге мылқау мен саңыраулардың көру қабілеті сау адамдардікінен кем емес, кейде ондай адамдар біздердің көрмеген нәрселерімізді көре алады, ол көру арқылы қабылдауы сау адамдардан әлдеқайда төмен немесе олардан артық деуге болмайды. Саңырау көзінің көрегендігі нашар болса да, ол бара-бара жетілуі мүмкін, бірақ дені сау адамдардікінен артық емес дейді Н.М.Поговский. Соқыр адамның сипау түсігінің жақсы жетілуі және саңыраудың көру қабілеттілігі сол сезім мүшесінің құрылысы нерв жүйелерінің айрықша жетілуінде емес, ондай адамдардың тиісті нәрселерді сезіп білуде үнемі қолданып, тұрақты түрде жаттығуына байланысты [3].

Әр адам қайталанбас тұлға болып есептеледі, сондықтан адам, адамгершілік тұлғалық қарым-қатынасқа құқылы. Әлеуметтік ортаға енгізу, әлеуметтік қатынастардың жалпы жүйесінде және баланың өз жағдайына қарай білім алу ортасына мүмкіндігі шектеулі балалардың әлеуметтік бейімделуін қалыптастыру. Мүмкіндігі шектеулі баланы қоғамға енгізудің қиындығы, бір жағынан бала дамуындағы дене және психикалық ауытқулары болса, екінші жағынан әлеуметтік жүйенің дұрыс қалыптаспағандығы, мүмкіндігі шектеулі баланың қалыпты өмір сүруіне кедергі келтіреді. Мүгедек бала еркіндікті, әлеуметтік интеграцияны қамтамасыз ететін ортада толыққанды және лайықты өмір сүруіне көмектесетін ерекше күтім, білім және қажетті дайындық алуға құқылы.

Мүмкіндігі шектеулі балаларды әлеуметтік медико-педагогикалық, коррекциялық жағынан қолдау процесі түрлі мамандардың бағыт беруіне керек етеді (медициналық жұмыскерлер, мұғалімдер, дефектологтар, психологтар, әлеуметтік жұмыскерлер т.б.) мүмкіндігі шектеулі балаларды білім алу процесіне қосу барысында мамандар арасындағы ведомствоаралық бірлесіп әрекет етуді қамтамасыз ету керек, ал бағыттаушылық функция арқылы іске асады.

Теориялық негіздемесі «Бәріне бірдей мүмкіндік» принципін ұстанатын инклюзивтік білім берудің енгізіле бастағанына көп бола қойған жоқ. Бұл термин көбіне «Сапалы білім - барлығы үшін»

түсінігімен бірге қолданылады. Яғни жалпы білім беретін мектептерде мүмкіндігі шектеулі бала мен басқа да әлеуметтік қорғалатын топтарға жататын оқушыларға өзгелермен теңдей білім беру, соған жағдай жасау.

Қазіргі кезде Қазақстанда мүмкіндігі шектеулі балалар көбіне-көп арнайы мектеп-интернаттарда білім алады. Шындығында олар оқшауланған, қоғамдық өмірге аса бейім емес. Мәселенің бұлай қалыптасуына бүгінгі қоғамның да кінәсі бар. Өйткені біз мүмкіндігі шектеулі жандарға мүсіркей қараудан арыла алмай келеміз. Жалпы білім беретін орта мектептерде олардың оқып, білім алуына жағдай жасау енді-енді қолға алына бастады [4].

Қазіргі уақытта арнайы білім беру мекемелері әр түрлі қызмет атқаруда. Балалар мұқият тексеруден кейін ҚР білім және ғылым министрлігі бекіткен арнайы оқыту бағдарламасымен білім алатын мектепке дейін мекемелер мен арнайы мектептерден басқа, мемлекеттік емес мекемелер, оналту орталықтары, дамыту орталықтары, аралас топтар және т.б. ашылып жасалуда. Мұндай мекемелерде кемістіктің түрлері мен жас ерекшеліктері әртүрлі балалар болады. Оларды бірдей бағдарламамен оқыту мүмкін емес, сондықтан, әр баланы жеке психологиялық - педагогикалық оқыту мүмкіндігі артады.

Ұяларлық ар бар ма?! [3, б.223].

Бұқарда:

Көкте бұлт сөгілсе,
Көктеп болмас не пайда?!
Көкіректен жан шықса,
Қайтып келмес не пайда?! [3, б.223]т.б. толғауларындағы эпикалық

қайталаулар риторикалық сұрақ күйінде келіп, жыраулардың замана халін, өмір сырын білдірер негізгі ойын айқын танытуға қызмет етеді.

5) Сұрай арнау түріндегі эпифоралық қайталаулар, мәселен, Доспамбет жырауда:

Айналайын Ақ Жайық,
Ат салмай өтер күн қайда?
Еңсесі биік боз орда,
Еміне кірер күн қайда? [3, б.223].

Жиырма бес тармақтан тұратын осы тирадада осылайша «күн қайда?» он рет, Ақтамбердінің қырық екі тармақтан тұратын «Күмбір-күмбір кісінетіп» толғауында «екенбіз» сегіз рет қайталанады. Мұндай сұрай арнау түріндегі қайталаулар жыраулардың алғы күндерден үміт еткен арман-аңсарын аңғартып, тыңдаушы, оқушыны да тебіреніске бөлейді.

б) Бұйрық рай түрінде келетін эпифоралық қайталаулар, мысалы Шалкиізде:

Алып, алып, ал сақын,
Аңдып жүрген дұспаныңнан мың сақын.
Күле кіре күңіреніп
Шыққан достан мың сақын [3,б.223].

Бұқарда:

Ей, айташы, алланы айт,
Аты жақсы құдайды айт [3,б.223]...

7) Істің, заттың, құбылыстың, оқиғаның себеп-салдарын, мақсаты мен шартын білдіретін эпифоралық қайталаулар, мәселен Асан қайғыда:

Әділдіктің белгісі –
Біле тұра бұрмаса,
Ақылдының белгісі –
Өткен істі қумаса [3,б.224]...

Осылайша «белгісі» сөзін жырау бес рет қайталап, өмірдегі жақсылық, жамандық түрін дақтап дақтап түсіндіре толғайды.

8) Санамалап, сатылап, беркіте, көз жеткізе баяндау түріндегі эпифоралық қайталаулар, Мысалы, Доспамбетте:

Азау, Азау дегенің
Әл-Ғұсман паша жұрты екен,
Дін исламның кірті екен,
Азаудың ер Доспамбет ағасы
Азаудың бір бұрышындай нарты екен [3, б.227].

Шешендік сөздерде ауыстыру(метафора) мол қолданылады. Ауыстыру алынып отырған заттың не құбылыстың мағыналас, мәндес басқа ұғымдардың орнында пайдаланып, ойды ықшамды, суретті, айқын, қысқа жеткізуге негізделеді.

Академик Қ.Жұмалиев «Абай поэзиясының тілі» деп аталатын еңбегінде құбылысы жағынан алғанда Абайға дейінгі поэзиясында метафораның бес түрін ажыратқан [32, б.216]. Бұл негізі ауыз әдебиеті мен XVIII–XIX ғасырлардағы қазақ әдебиетіне жасалған барлау, байыптаулар еді. XV–XVIII ғасырлардағы жыраулар мұрасынан да Қ.Жұмалиев айтқан бес түрлі жолмен жасалатын метафора түрлерін түгел кезіктіреміз. Ақтамберді жыраудан үзінді келтірейік:

Сыртым – құрыш, жүзім – болат,
Тасқа салсаң майырылман [3, б.198].

Бұл мысалда бір нәрсені екінші нәрсеге балау арқылы жасалынған метафораның жалғау, жұрнақсыз жай түрі ұшырасады. Тек жай ғана балау, ұқсас, мәндес құбылысқа қарапайым ғана ұқсату емес, суреттеліп отырған объектіге ерекше ажар, өзгеше өң беріп, мазмұнын тереңдетіп, мәнін үстей түсу бар.

Жыраулар мұрасында Қ.Жұмалиев айтқандай -мын, -бын, пын, -сынжіктік жалғаулары, не -м, -ң, -ы (-сы)тәуелдік жалғауларының көмегімен жасалған метафоралардың бір алуаны кездеседі. Мәселен Ақтамберді жырауда:

Торлаусыз өскен құланмын,
Мезгілсіз жусап өрермін.
Байраққа біткен құрақпын,
Саусағым жерге түсірмен.
Жапанға біткен терекпін,
Еңсемнен жел соқса да теңселмен.
Ой, мен қарағайға қарсы біткен бұтақпын,
Балталаса да айрылман [6, б.193].

Жауынгер жырау Ақтамберді шалқар шабытпенен, тебірене толғайтын пафосымен халқына хан-кәкімнен де бұлды биік мерей, бұла күшін аңғартар тұста өзін жалына қол тигізбес ту асау, табиғи сұлулық белгісіндей дархан өскен дала құланына ғана емес, мейлінше еңсесі биік құраққа, дауыл мен дүлейге теңселмес жапанға біткен жасыл терекке, яки балталаса да болмайтын қарағайдың қарсы біткен берік бұтағына құбылта, дамыта балап, көз алдымызға көп суреттер әкеледі. Сөйтіп, танымды тереңдетіп, әрлі әсерге бөлейді.

XV–XVIII ғасырлардағы жыраулар мұрасында әсіресе едім, едің, еді, екен, ем, ең сияқты көмекші етістіктердің көмегімен жасалған метафораның түрі көбірек. Мысалы Бұқар жырау Абылайды бірде су бетіндегі сығылып аққан сеңге, бірде алтынды тонның жеңіне әсірелей балап қазақ ұғымына ежелден таныс нақты, затты суреттер арқылы елестетеді.

Академик Қ.Жұмалиевтің ««бейне», «бейне бір (тең)» сөздері арқылы жасалған ауыстырулар тек ауыз әдебиетінде ғана емес, тарихи әдебиетте де жиі кездеседі» [32, 219] дегеніндей, метафоралардың «тең» сөзі көмегімен жасалуы XV–XVIII ғасырлардағы жыраулардың көркемдік тәсілдерінің бірі ретінде танылады. Мысалы, Үмбетей жыраудың Бұқар жырауға айтқан толғауында:

Үйіндегі ұлың жаман болса,
Есіктегі құлмен тең.
Қойыңдағы қатының жаман болса,
Қаңтардағы мұзбен тең.
Кей сорлының қатыны
Күндіз ауру, түнде ау,
Арқанаартқан тұзбен тең [3, б.197].

Салыстыра суреттеп, мінез-құлқын, кісілік қасиетіне орай нақты адамға, не затқа балау арқылы ұғымды молайтып, әсерді күшейтуде метафоралардың «тең» сөзі көмегімен жасалуы– толғау, термелердің дидактикалық-философиялық мазмұнын еркін, жеңіл жеткізерлік ұтымды тәсіл.

Жыр бойында ауыстырудан тыс екі тармақ аралық шендестіру де қолданылған. Яғни, сен және мен, алтын-пұл, жібек-жүн, сұлтан-құл, сұңқар-қу дейтін мағыналық антитеза (шендестіру) тәсілі бар. Мысалы,

Жаманнан туған жақсы бар,
Адам айтса нанғысыз.
Жақсыдан туған жаман бар,
Күндердің күні болғанда

Бір аяқ асқаалғысыз [4, б.44] , -деп жаман мен жақсыны шендестірген. Бұған қарап, көп жағдайда ауыстыру тәсілі шендестіруге ұласатыны жыраулар поэзиясына да тән екендігін аңғарамыз.

Ауқымды кең тақырыпқа осылай қысқаша тоқталып өтіп, тілдік тұрғыда салыстыра отырып шешендік, жыраулық поэзияның үндестігіне көз жібердік.

Әдебиеттер тізімі:

1. Адамбаев Б. Шешендік өнер. – Алматы: Ғылым, 1999.
2. Бердібай Р. Жыршылық дәстүр. – Алматы: Қазақстан, 1980.
3. Төрешұлов Н., Қазбеков М. Қазақтың би-шешендері. – Алматы: Жалын, 1995.
4. Бес ғасыр жырлайды: XV ғасырдан XX ғасырдың бас кезіне дейінгі қазақ ақын-жырауларының шығармалары /Құраст: Мағауин М., Байділдаев М. Екі томдық. Т.1. – Алматы: Жазушы, 1989.
5. Уалиханов Ш.Ш. Таңдамалы. – Алматы: Жазушы, 1985.

РЕЗЮМЕ/RESUME

Абдрахманов Рустем Хасенович
Частное учреждение «Академия «Volashaq»
Караганда, Республика Казахстан
Абильгазин Сагындык Иранович
Школы-интерната № 68
Караганда, Республика Казахстан

ЯЗЫКОВЫЕ ОСОБЕННОСТИ ОРАТОРСКОЙ, ЖЫРАУСКОЙ ПОЭЗИИ

Проведено краткий сравнительный анализ созвучию поэзии жырау в лингвистическом аспекте, а так же проанализировано краткое сравнительное исследование на орааторское мастерство жырау.

Ключевые слова:наследие народа, сравнительное исследование, жырау, поэзия жырау, мастер, созвучие, глаголы, метафора.

Abdrakhmanov Rustem
Private institution «Academy «Bolashaq»
Karaganda, Republic of Kazakhstan
Abilgazin Sagyndyk
Boarding school No. 68
Karaganda, Republic of Kazakhstan

LANGUAGE FEATURES OF ORATORY, ZHYRAU POETRY

A brief comparative analysis of the consonance of Zhyrau 's poetry in the linguistic aspect, as well as a brief comparative study of Zhyrau's oratory skills are analyzed.

Keywords: heritage of the people, comparative study, Zhyrau, poetry Zhyrau, master, consonance, verbs, metaphor.

List of references:

1. Adambayev B. public speaking. - Almaty: Nauka Publ., 1999.
2. Dictionary of Literary Studies terms /comp.: Z. Akhmetov, T. Shanbayev / - Semey-Novosibirsk: Thaler-Press, 2006.
3. Berdibay R. Zhyrshylyk Dastan. - Almaty: Kazakhstan, 1980.
4. Torekulov N., Kazbekov M. Kazakh dance orators. - Almaty: Zhalyn, 1995.
5. five centuries sing: works of Kazakh poets-zhyrau from the XV century to the beginning of the XX century /comp: Magauin M., Baidildaev M. in two volumes. Vol.1. - Almaty: Writer, 1989.
6. Valikhanov Sh. Sh. Selected. - Almaty: Writer, 1985.

ӨОК 81:37.016
ҒТАХР 20.02.19, 13.00.02

Абылбаева Баян Алтынбековна
abylbayeva.ba@mail.ru
«Bolashaq» академиясы» Жеке меншік мекемесі
Қарағанды, Қазақстан Республикасы

ТІЛДІ МЕҢГЕРТУДЕГІ ДЕҢГЕЙЛІК ОҚЫТУДЫҢ ТИІМДІЛІГІ

Мақалада мемлекеттік тілді деңгейлеп оқыту мәселесі қарастырылады. Мемлекеттік тілді деңгейлеп оқыту тіл үйренушілерге жалпы және академиялық қатынас саласы бойынша қатысымдық құзіреттілігін базалық жеткілікті деңгейлерде қалыптастыруға мүмкіндік беретіндігі көрсетілген.

Тірек сөздер: тіл, деңгей, қарым-қатынас, оқылым, жазылым, сөйлесім, тыңдалым, мәтін, сөзтіркесі, сөйлем, тілдікорта, маңызды, нәтиже, қарапайым, жоғары.

Қазақ тілінің мемлекеттік тіл ретінде маңыздылығы мен құндылығын арттыру және болашақ маман иесінің қазақ тілін қоғамдық өмірдің әлеуметтік-мәдени, кәсіби салаларында қарым-қатынас құралы ретінде қолданып ұлттық дүниетанымды қалыптастырушы әрі сақтаушы, оны құндылық ретінде бағалаушы көзқарасын қалыптастыру әр тіл маманының басты міндеті. Осы негізде бүгінгі таңда тіл мамандарының оқытудың ең оңтайлы әдістері мен тәсілдерін ойлап, соңғы технологиялармен тіл үйретуге барынша кірісіп жатқанын білеміз. Ақпараттық технологиялардың күнде өзгеріп жатқан мына әлемге ілесе алмай, сан алуан тәсілдері мен әдістерінің ішінен керектісін алып, қажеттісін қолдануы әр оқытушының өз шеберлігі мен біліктіліктілігін, білімінің ұшқырлығын да көрсетеді. Әр әдіс-тәсіл оқытудың орталық объектісі ретінде қарастыратын әдіс болса, ол білім алушылардың оқыту үдерісіне рефлексивті көзқарасына негізделеді. Сондықтан оқу үдерісінде нәтижелі болам десең алдымен неге көңіл бөлу керек, нені ескеру керек, ең бастысы нені меңгерту керек екендігін жете түсініп алу басты мақсат. Ең алдымен оқытуда құзіреттілікті қалыптастыруға және коммуникативті сөйлеу әрекетін меңгертуге бағытталған жоспар болуы керек. Одан кейін тіл меңгертуде қолданылатын төрт әрекеттің: оқылым, айтылым, тыңдалым, жазылымның әр деңгейлік нормасы болуы шарт. Соған байланысты алынған кез-келген жұмыс (мәтін, сұқбат, грамматика, аудио-видео, стратегиялар, ойын түрлері, суретпен жұмыс т.б.) коммуникативтік ықпал жасауға бағытталған, тілдік қарым-қатынасқа конверсациялық талдау жасай алуға болатын, сөйлеу

барысында сөйлеушінің мақсатын анықтау және прагматикалық талдау жасайтындай болуды қажет етеді.

Алдымен орыс тілді аудиторияда қазақ тілін меңгерту үшін студенттің мектепте қаншалықты дәрежеде тілді меңгергенін анықтай отыра, деңгейіне байланысты топтастырылады. Яғни, студенттің қазақ тілі бойынша қалыптасқан тілдік дағдыларын дамытып, әрі қарай жетілдіру, керек жерде қайта қарау үшін, одан кейін күрделі сұхбат түрлеріне, пікірталастарға қатысу, үгіт-насихат, ақпараттық сөз түрлерін, көпшілік алдында сөйлеу іскерлігін меңгертіп қана қоймай, соны дамыта отыра әртүрлі жанрдағы ақпараттар ағымын тыңдап, негізгі ақпараттарды түсіну сияқты көптеген міндеттерді орындауды басты назарда ұстанамыз. Сондықтан алдымызға келген білім алушыға деңгейіне қарай оқылым, айтылым, жазылым, тыңдалым әрекеттерін қарапайым деңгейде, ал бақылау, талдау, таңдау еркіндігін беру, зерттеу әрекетін, шығармашылық ізденісін туғызатын жұмыс түрлерін жоғары деңгейлерде ұсынамыз. Сондықтан алдымызға келген білім алушыға деңгейіне қарай оқылым, айтылым, жазылым, тыңдалым әрекеттерін қарапайым деңгейде, ал бақылау, талдау, таңдау еркіндігін беру, зерттеу әрекетін, шығармашылық ізденісін туғызатын жұмыс түрлерін жоғары деңгейлерде ұсынамыз.

Жалпы, А1 деңгейі шетелдік студенттерге арналған деңгей болғандықтан онда қарастырылатын және оқылатын мәселелер мен алынатын сөздік қор мөлшері, берілетін тапсырмалар сол деңгейге сай болуы шарт. Мәселен, деңгейлік тапсырмалар бастапқыда «Танысайық» және «Қай елден келдіңіз?» деген тақырыптардан басталып, бұл жерде тыңдалым бойынша буындап дыбыстау, төл дыбыстарды тыңдау, оқылымда сөздерді, фразаларды дыбыстау, танысып оқу, қайталап оқу, жазылымда буындап жазу, дыбыстарды ажыратып жазу және айтылымда өзі туралы ақпарат айту тапсырмалары берілген. Ал бағдарламаның соңына қарай деңгейлік тапсырмалардың сәл күрделене түскенін байқауға болады. Бағдарламаның соңында алынған «Кеңсе тауарлары дүкенінде» және «Ұсақ-түйек заттар дүкенінде» тақырыптарында оқылымда негізгі ақпаратты анықтайтын сөздерді табу, тыңдалымда негізгі ақпаратты тірек сөздер арқылы табу, айтылымда заттың сапасын сұрау, жазылымда заттарды сапасын көрсететін сипаттау мәтінін жазу тапсырмалары бойынша деңгейдің біршама өскендігін көреміз. Ал грамматика бойынша алғашқыда қазақ әліпбиі, жуан, жіңішке дауысты дыбыстарды өту қарастырылған болса, соңына қарай жедел өткен шақтың көпше түрі, сын есімнің асырмалы шырайларына дейін меңгере алатындығын көреміз. Осыдан кейін бұл деңгейді меңгерген студенттер рөлдік ойындарды құрып және оны өз бетімен орындай да алады.

А2 деңгейі базалық немесе қарапайым деңгей деп аталды. Бұл деңгейде орындалатын төрт әрекеттің бәрі де нормаға сай алынған тапсырмалар негізінде жүргізіледі. Практикалық сабақтар мен қатар өздік жұмыстары жүргізіліп, грамматиканы жете меңгерту ескеріледі. Жалпы, қай деңгейде болмасын тілді меңгертуде немесе жалпы оқу мен тәрбиеде отбасы тақырыбының ең өзекті тақырып екенін білеміз. Баланың өміріндегі бар құндылықтың бастау алар көзі – отбасы болғандықтан оны ешқашан шет қалдыра алмаймыз, сондықтан тілді меңгертуде де қай деңгейде болмасын отбасы тақыры алдыңғы қатарда тұрады. Мәселен, А2 деңгейі бойынша «Менің отбасым» және «Тату отбасы» деп алынған. Деңгейлік тапсырмаларына қарайтын болсақ «Менің отбасымда» тыңдалым әрекетінде сурет арқылы ақпаратты анықтау, айтылымда суреттер арқылы сипаттау, оқылымда негізгі ақпаратты табу, жазылымда тірек сөздерді, сөз тіркестерін жазу деп берілсе, «Тату отбасында» оқылымда мәтіннен тірек сөздерді табу, ұқсас заттарды салыстыра сипаттау, тыңдалымда қосымша ақпаратты табу, айтылымда диалог, отбасын сипаттау және жазылымда орфографиялық нормаларды сақтап, тыныс белгілерін дұрыс пайдаланып, суреттеп жазу деп берілген. Бұдан не көреміз, яғни деңгейлік тапсырмалардың қарапайымнан күрделіге қарай көтерілгендігін, білім алушының да деңгейінің өскендігін көреміз.

Дәл осы отбасы тақырыбы орта және жоғары деңгейлерде қалай берілген? В1 орта деңгейінде «Әулет дәстүрі» және «Отбасы құндылықтары» деп берілген болса, көріп отырғанымыздай тақырып та ауқымды. Тапсырмалары да құзыреттілікті қалыптастыруға бағытталған оқыту мен коммуникативті сөйлеу әрекетін меңгеруге және студенттердің де оқыту үдерісіне рефлексивті көзқарасына негізделген.

Тыңдалым: мәтінді тыңдап, өз пікірлерін қосу;

Айтылым: берілген тақырып бойынша қосымша білетін мәліметтерді баяндау;

Оқылым: мәтінді оқып, тірек сөздерді анықтау, негізгі ойды айқындау;

Жазылым: тақырып бойынша сөздік құрастыру. Тірек сөздермен сөйлемдер құру деп берілсе, дәл осы деңгейде отбасына қатысты тақырып жалғасын тапқан, олар «Неке дегеніміз не?», «Отбасын неше жаста құру керек?» тақыптары. Оларда:

Оқылым: мәтінді оқып, негізгі айғақтар мен қосымша детальдарды анықтау. Басқалардың пікірін салыстыру;

Айтылым: ұсынылған тұжырым бойыша пікір алмасу, негізгі мәселені анықтау;

Тыңдалым: тыңдалған мәтінді мазмұндау, өз ойымен толықтыру, берілген сұрақтарға жауап беру;

Жазылым: тақырып бойынша дәлелдеу-эссесінің бір абзацын жазу (аргументативті). Ал «Отбасы бюджеті» мен «Ақша жұмсай білесіз бе?» тақырыптарында орта деңгейде:

Тыңдалым: мәтінді толық түсіну, жаңа сөздерді анықтау, мәтінге сай ақпараттарды нақтылау;

Айтылым: өз пікірін дәлелдеу, пікір алмасу;

Оқылым: бірнеше дереккөзден алынған мәліметтерді оқып, қорытынды жасау;

Жазылым: сауалнама қорытындысы бойынша талдау жазу деп келген. Бұдан шығатын қорытынды, отбасы тақырыбының күрделенген сатыларынан байқайтынымыз тілдік қарым-қатынасқа конверсациялық талдау жасау мен мәтінді мағыналық-құрылымдық талдау және мәнмәтіннің қызметін түсіне бастайтындықтары. Енді салыстырмалы түрде В2-1 (ортадан жоғары) деңгейі бойынша қарастырып өтейік. Бұл деңгейде «Отбасындағы қарым-қатынас» және «Отбасындағы әкенің рөлі» тақырыптарындағы әрекеттер:

Тыңдалым: тыңдаған мәтін бойынша сұрақтарға жауап беру, сөйлемді толықтыру;

Айтылым: ақпаратты (кесте/сызба арқылы) сипаттау;

Оқылым: мәтінді оқып, негізгі ойды анықтау. Мәтін ақпаратына сыни талдау жасау;

Жазылым: «Әкеге қарап ұл өсер, анаға қарап қыз өсер» - эссе жазу деп қарастырылған. Одан әрі «Студенттік отбасы» мен «Жас отбасының келіспеушілігі: себептері мен алдын алу» деген ауқымды да бүгінгі күннің үлкен мәселесіне айналған отбасылық мәселелерге тоқталатындықтан:

Тыңдалым: мәтін бойынша пікір білдіру, мазмұндау. Ақпараттың шынайылығын нақтылау;

Оқылым: мәтінді оқып, түйінді ой қорыту, басқалардың пікіріне баға беру; Айтылым: өз пікірін білдіру, дәлелдеу, пікір алмасу;

Жазылым: дискуссивті (мәселені шешу жолдары) эссе жазу деп алынған тапсырмалар студенттердің де оқыту үдерісіне рефлексивті көзқарасына негізделген ауқымды да өзекті мәселені шеше алатындықтарын көрсетеді.

Деңгейлік ерекшеліктерін ескере отыра дәл осындай жүйеде жүргізілген жұмыс өз нәтижесін берері сөзсіз. Оны тәжірибеде де көріп жүрміз. Сонда, білім алушы қандай мақсатқа қол жеткізе алады?

Біріншіден, қарым-қатынас жасауға керекті, қолданыста жиі кездесетін практикалық грамматика бірліктерін қолданып, тұрмыстық, оқу, әлеуметтік, мәдени, кәсіби салаларда әртүрлі сөйлеу жағдаяттарына еркін араласып, сұхбатқа қатысып, қолдауға, қажетті ақпараттарды сұрап ала алады;

Екіншіден: тілдің, мәдениеттің, қарым-қатынас саласы ерекшеліктеріне сәйкес жеке тұлғалық, әлеуметтік және кәсіби қарым-қатынас жағдайларында құзыреттілік танытуға; пікірталастарда этикалық, мәдени, әлеуметтік маңызы бар мәселелерді талқылауға, өз көзқарасын білдіруге, оны дәлелді түрде қорғауға, әңгімелесушілердің пікірін сыни бағалай алады;

Үшіншіден: әртүрлі жанрдағы мәтін түрлерін оқып, түсініп, негізгі және көмекші ақпараттарды ажыратуға, мәтіндерді мағыналық бөліктерді талдап, саралауға, негізгі ойды тұжырымдауға, тұтас мәтіннің және оның жеке құрылымдық элементтерінің қорытынды бөлімдерін сипаттай алады;

Төртіншіден: қазақ тілінде әртүрлі мақсаттағы хат-хабарлар жазуға, мақала, аннотация, тезис жазуға, өз қызығушылығына қарай мақала түрлерін, эссе түрлерін жазуға дағдылана алады;

Бесіншіден: қарым-қатынас жағдайына сәйкес ақпарат сұрауға және хабарлауға, қатысушылардың іс-әрекеттеріне баға беруге, таным мен қарым-қатынас жағдайында әңгімелескен адамға әсер ету құралы ретінде ақпаратты пайдалана алады;

Алтыншыдан: радио, теледидар арқылы берілген ақпараттарды тыңдап, түсінуге, сұхбаттасушының, пікір білдірушінің сөздерін тыңдап, негізгі тақырыпты анықтауға, автордың ойын түсінуге, айғақтар мен мәліметтерді ажыратуға қабілетті бола алады.

Көріп отырғандағыдай жүйелілікпен орындалатын жұмыстың мақсаты айқын болса, қашан да өз нәтижесін берері сөзсіз. Сондықтан, біз алдымыздан қоғамдық маңызы бар мәселелерге байланысты өз пікірін білдіре алатын, белсенді, әр нәрсеге жасампаздық көзқараспен қарайтын рухани әлеуетті, таным деңгейі терең жан-жақты дамыған тұлға шығаруға жұмыс жасап келеміз.

РЕЗЮМЕ / RESUME

Абылбаева Баян Алтынбековна
Частное учреждение «Академия «Bolashaq»
Караганда, Республика Казахстан

ЭФФЕКТИВНОСТЬ УРОВНЕВОГО ОБУЧЕНИЯ ПРИ ИЗУЧЕНИИ ЯЗЫКА

В заключение в статье рассматривается вопрос многоуровневого обучения государственному языку. Было отмечено, что уровень преподавания государственного языка зависит от уровня изучающих язык, типов заданий и методов обучения.

Ключевые слова: язык, уровень, общение, чтение, письмо, говорение, аудирование, текст, фраза, предложение, языковая среда, важно, результат, простой, высокий.

Abylbayeva Bayan
Private institution «Academy«Bolashaq»
Karaganda, Republic of Kazakhstan

THE EFFECTIVENESS OF LEVEL-BASED LEARNING IN LANGUAGE LEARNING

In conclusion, the article deals with the issue of multi-level teaching of the state language. It was noted that the level of teaching the state language depends on the level of language learners, types of tasks and teaching methods.

Keywords: language, level, communication, reading, writing, speaking, listening, text, phrase, sentence, language environment, important, result, simple, high.

ӘОК 81-13
FTAXP 10.02.19

Ахметова Нурбала Темирхановна
nurbala.a@mail.ru
Бағдал Айболат
bagdal_aibolat@mail.ru
«Bolashaq» академиясы, Жеке меншік мекемесі
Қарағанды, Қазақстан Республикасы

КӨНЕ ТҮРКІ ТІЛІНДЕГІ СӨЙЛЕМ МҮШЕЛЕРІ

Мақалада қазіргі қазақ тіліндегі сөйлемнің бірыңғай мүшелері – тіліміздің грамматикалық құрылысында ертеден келе жатқан синтаксистік құбылыс екендігі, бұған көне түркі жазба ескерткіштерінде кездесетін фактілер айқын айғақ бола алатындығы, жазба ескерткіштерде сөйлемнің тұрлаулы да, тұрлаусыз да мүшелері бірыңғай түрде кездесетіндігі туралы қарастырылады.

Тірек сөздер: Көне түркі тілі, диалекті, жазба ескерткіш, ру-тайпа, ұлыс, ұлт тарихы, синтаксистік құрылыс, категория, сөйлем мүшелері, тұрлаулы және тұрлаусыз мүшелер, сөз тіркесі, сөйлем.

Түркі тілін зерттеуші ғалымдардың пікірі бойынша, қазіргі түркі тілдері өте ерте уақытта бір негіз тілден пайда болған. Келе-келе бірнеше диалектілерге бөлінген. Тарихи-әлеуметтік, саяси-географиялық, экономикалық жағдайларға байланысты ол диалектілер тағы жіктеліп, сараланған. Диалектілердің пайда болу, өзгеру, қалыптасу тарихы түрлі-түрлі. Бір диалекті мен екінші диалектінің сапырылысып, әбден араласып кеткен кезі де немесе оқшау қалып дара дамыған кезі де болған. Сондықтан да жазба ескерткіштер сақталған кезге дейінгі тайпа немесе тайпа одақтары тілінің өзара қатысы, жалпы ерекшеліктері мәлімсіздеу. Дегенмен бұл кезеңдегі тайпалар жақын қатынасып, ортақ тілде сөйлеген. Халықтардың тарихи даму барысындағы қалыптасуы – күрделі процесс. Ру-тайпа, ұлыс, ұлт тарихы үнемі бірлікте бола бермейді. Мәселен, бір ұлт құрамында басқа ұлт өкілдерінің кіріп, өзгешелігі білінбей кететін жағдайлар болады. Немесе бұрын бір тілде сөйлейтін ұлттың енді басқа бір тілді қабылдауы да күрделі құбылыс. Одан бөлек алғанда көршілік қарым-қатынастың, алыс-жақын елдердің экономикалық-мәдени, діни әсерінің нәтижесінде ұғымның, түсініктің, атаудың алмасуы болып жатады. Осы тұрғыдан алып қарастырған кезде таза бір ғана

этникалық негізден құралған саф таза ұлттың да, өзімен-өзі дамыған, басқа тілдің әсеріне ұшырамаған тілдің де болмайтыны анық.

Тілдің басқа салалары сияқты синтаксистік құрылыс та заман өткен сайын бірден-бірге өзгеріп, толығып жетіліп отырады. Бірақ сөздің синтаксистік құрылысы онша өзгерімпаз құбылыс емес. Тіл фактілері оның ұзақ жасайтын тұрақты категория екендігін байқатады. Қазіргі әдеби тіліміз синтаксисіндегі сөйлем мүшелері, сөйлемнің көптеген түрлері, сөйлем мүшелерінің бір-бірімен байланысу жолдары онша көп өзгеріссіз-ақ сонау көне жазу нұсқаларында кездеседі. Ол жазбаларда да қазіргі тіліміздегі сияқты сөйлемнің бастауышы бұрын, баяндауышы одан кейін келіп отырады. Оларда да қазірдегі сияқты анықтауыш пен толықтауыш өздерінің анықтайтын немесе толықтайтын сөзінен негізінде, бұрын орналасып келген[1].

Қазіргі түркі тіліндегі сияқты көне түркі тілінде сөйлем мүшелері тұрлаулы және тұрлаусыз болып бөлінген. Тұрлаулы мүшелерге бастауыш пен баяндауыш жатады. Бұлар – сөйлем құруға негіз болатын, өзара предикаттық қатынаста жұмсалатын сөйлем мүшелері.

Бастауыш. Сөйлем мүшелерінің ең басты, негізгі мүшесі – бастауыш. Бастауыштар әр түрлі сөз таптарынан жасалады. Бастауыштардың жасалу жолына қарағанда олардың негізі көне түркі тілінен бастау алатынын аңғару қиын емес.

Зат есімдерден болған бастауыштар. Атау септігіндегі зат есімдер жекеше, көпше және тәуелді тұлғада тұрып бастауыш болады. Мысалы: Сүсі үч бың ерміс әскері үш мың екен. Іл йеме ел болты – Ел тағы да ел болды. Йағымыз тегіре учуг тег ерті -Жауымыз айнала жыртқыш құстай еді. Ескерткіште күрделі бастауыштар да кездеседі. Турк будун қанын болмайын. Табғачта адырылты, қаңланты – Түркі халқы ханы болмай Табғаштан бөлінді, ханданды. Білге Тоникук пен кзүм Табғач іліңе қылынтым – Білге Тоникук мен өзім Табғаш елінде тәрбиелендім[2].

Сын есімнен болған бастауыштар. Сын есім заттанған кезде бастауыш қызметін атқарады. Ондайда сын есімдердің сапалық мағынасы жоғалып кетпей, әрі заттық, әрі сапалық мағынада жұмсалады. Йуйқа қалың болсар топлағулығ алп ерміс – Жұқа қалыңдаса таптайтын алып болар. Сүңіліг қаңтан келір йана елті? – Сүңгілі қайдан келіп айдап кетті?

Сан есімнен болған бастауыштар. Заттық мағынаға ауысып бастауыш қызметін атқаратын сөз таптарының бірі – сан есім. Сан есімнің есептік, реттік, жинақтық секілді топтары бастауыш қызметінде тұрады.[3. 633-б]. Көне жазбаларда жинақтық сан есімдер мен есептік сан есімдер тіркесіп келіп күрделі бастауыштар жасаған. Бу үчегү қабысар қалтачы біз өз ічі -тасыш тутмыс тег біз – Бұл үшеуі біріге қалса, біз өз іші-сыртымызды ұстап қана қаламыз. Екі үлүгі атлығ ерті – Екі бөлігі атты еді.

Есімдіктен болған бастауыштар. Көне түркі тілінде көбінесе жіктеу, өздік есімдіктері бастауыш қызметінде жұмсалады. Бер йырдантайан тегейін – Мен терістіктен тиісейін. Өзүм қары болтым улуғ болтым – Өзім қартайдым, үлкен болдым.

Есімшеден болған бастауыштар. Есімше бастауыш болғанда қимылдық сапаның үстіне заттық мағына жамап тұрады.

Йағмысы мен едім – Ілескені мен едім.

Баяндауыш. Баяндауыш қызметінде барлық сөз таптары жұмсала береді. Дегенмен өзінің қызметі жағынан осы қызметке ең бейім сөздер – етістіктер. Анча өтүнтүм – Сонша өтіндім. Ингек көлүкін Тоғлада өгүз келті – Сиыр көлігімен Тоғлада оғыз келді. Біз екі бың ертіміз – Біз екі мың едік. Баяндауыштар қазіргі тіліміздегідей жақтық, сандық жағынан қиыса байланысады. Сү басы ингел қаған – Әскер басы Инел қаған.

Ескерткіште көмекші етістіктер арқылы жасалған күрделі баяндауыштар да бар. Олар негізінен е көмекшісі арқылы берілген. Улуғы шад ерті – Ұлығы шад еді. Чуғай құзын Қара қумығ олурур ертіміз – Чуғай құзын Қара құмды мекендеуші едік.

Көне түркі тілінде есімдіктер мен етістіктерден құралған құрама баяндауыштар да кездеседі. Мысалы, Артқы қырық аз күлліг қағаны йағымыз болты – Артқы қырық аз қағаны жауымыз болды. Өзүм өк қаған қысдым – Өзімше оны қаған еттім. Е көмекші етістігі құрама баяндауыштар жасауға да атсалысады. Бізінте екі учы сыңарча артук ерті – Бізден екі шеті жартылай артық еді. Будун боғзы ток ерті – Халық тамағы ток еді.[4].

Баяндауыштың формалары алуан түрлі көп болғанымен, олардың көпшілігі бір негізгі мағынаны түрліше білдіру үшін қызмет етеді. Сондықтан баяндауыштарды атқаратын қызметіне қарай, білдіретін мағынасына қарай топтап тану керек: іс-әрекетті, сапаны болмысқа шақ жөнінен қатысын білдіретін баяндауыштар, іс-әрекеттің қарқынын білдіретін баяндауыштар, іс-әрекетті субъектінің бұйрығы ретінде атайтын баяндауыштар, іс-әрекетті міндеттеу, ұсыныс ретінде атайтын

баяндауыштар[8, 124-245-б]. Көне түркі тілінде де баяндауыштар осы тәрізді мағыналарды білдіре алады.

Толықтауыш. Етістіктен, есімнен болған мүшемен байланысып, істің, заттың сапаның объектісін білдіретін толықтауыштар да кездеседі. Қазіргі қазақ тіліндегі тәрізді көне түркі тілінде де табыс септігін қажет ету, етпеуіне қарай тура және жанама толықтауыштар ұшырасады.

Түркі тілдерінде толықтауыштар тұлғасына, синтаксистік қызметіне қарай тура және жанама толықтауыштар болып екіге бөлінеді.[5, 180-б.].

Тура толықтауыштар табыс септігінде тұрып, сабақты етістіктермен тығыз байланысты болады. Тура толықтауыштың септік жалғауы кейде ашық, кейде жасырын болып келуі көптеген түркологтардың назарын өзіне аударған. М.А.Казембек «Қимылға қатысты зат белгісіз болғанда және ол етістіктің дәл алдында тұрғанда табыс септік атау септігімен алмастырылады» деп көрсеткен. Сол сияқты «Алтай тілінің грамматикасында» да «тура толықтауыштың жалғаулы, жалғаусыз жұмсалудың оның белгілі, белгісіз зат болуынан» деп баяндайды.

Ескерткіш тіліндегі табыс септікте тұрған сөздер әр уақыт тура толықтауыш болады. Өйткені тура толықтауыштар заттың қимылын білдіретін сабақты етістіктермен тығыз байланысты болып келеді.[6, 145-б.]. Басқа түркі тілдеріндегі сияқты қазақ тіліндегі тура толықтауыштар меңгерілетін сөзбен табыс септігінің ашық не жасырын тұлғасы арқылы байланысады. Мысалы: Ол сабағ есідіп түн удысқым келмеді – Ол сөзді есітіп түн ұйқым келмеді. Сүсін анта өлүртгім – Әскерін сонда өлтірдім. Мұндағы сабығ (сөзді) және сүсін (әскерін) сөздері табыс септігінің –ығ, -н тұлғасында тұр. Бу сү ет – Бұл әскерді апар. Бұл жерде сү (әскерді) сөзінде табыс септігі жасырын қолданылып тұр.

Ескерткіштер тілінде барыс, жатыс, шығыс, көмектес септіктеріндегі сөздермен келетін жанама толықтауыштар да бар. Жанама толықтауыштар өзін меңгеретін мүшелермен біршама еркін байланыста болады.

Зат есімдер мен басқа да заттанған сөз таптары барыс септік жалғауында келіп іс-әрекеттің жанама объектісін білдірумен бірге оның орны болатын немесе барып тірелетін затын білдіруі мүмкін. Барыс септігінің осы тәріздес мағынасы көне түркі тілінен бастау алған деуімізге болады. Мәселен, Табғачқа йана ічкді – Табғашқа және бағынды. Анта етруг қағаныма өтүнтм – Содан кейін қағаныма өгіндім. Жатыс септікті жанама толықтауыштар заттың, іс-әрекеттің орнын, статикалық жай-күйді білдіреді. Бу ерде олтуруп – Бұл жерде отырып. Йандук йолте йеме өлті күк – Қайтар жолда тағы да көп өлді.

Орхон-Енисей жазбаларында жатыс септігі барыс, шығыс септіктерінің де орнына жұмсалған. Жалпы көне түркі тілінде септіктердің бірінің орнына бірі алмасып қолданылуы септіктердің дамуындағы ерекшелік болып табылады. Өңре қытанда беріе табғачда Куруйа курданта йырайа оғузда екә-уч бың сүмүз келтечіміз бар му не? – Шығыстағы қытанға, түстіктегі табғашқа, батыстағы құрданға, терістіктегі оғызға екі-үш мың қолмен келе аламыз ба? [7.96-б].

Шығыс септікті жанама толықтауыштар қимылдың шығу орнын, мекенін білдірген. Көне жазбаларда сирек ұшырасады. Табғач беріденйен тег – Табғаш түстіктен тиіндер. Бен йырдантайын тегейін – Мен терістіктен тиісейін. Көмектес септікті жанама толықтауыштар іс-әрекеттің болып өткен жолын, орнын, іс-әрекеттің болу құралын, ортақтастықты білдірген. Бұл жалғау *бірле* шылауы арқылы және –ын, -ін қосымшалары арқылы берілген. Бу йолын йорысар, йарамачы тідім – Бұл жолмен жүруге болмайды дедім. Алтун йысығ йолсузун астым, Ертіс үгүзүг кечігсізін кечдіміз – Алтын жерін жолсызбен астым. Ертіс өзенін кешпес ізбен кестім.

Анықтауыш. Анықтауыш сөйлемдегі зат есімнен немесе зат есім орнына жұмсалған басқа есімдерден болған мүшелерді сипаттап тұрады. Анықтауыш қызметінде жұмсалатын сөздер, негізінен сын есімдер болғанымен, зат есім, есімдік, сан есім, есімше, қимыл есімдер де грамматикалық тұлғалары арқылы анықтауыштық қызметте жұмсалады.

Зат есімнен болған анықтауыштар. Алтун йысығ йолсузун астым – Алтын қойнауынан астым.

Зат есімдер немесе басқа заттанған сөз таптары ілік жалғауында келіп, анықтауыш қызметінде қолданылады: Табғач қағаның ічрекі бедізчіг ыты – Табғач қағанның ішкі жақтағы бедершісі келді.

Сын есімнен болған анықтауыштар. Сын есімдердің басты қасиеті зат есімдерді сандық, сапалық жағынан анықтау болғандықтан, оның сөйлемдегі негізгі қызметі — анықтауыш болу. Қызыл қаным төкті, қара етрім йүгүрті – Қызыл қанымды төктім, қара терімді ағыздым. Негізгі сын есімдермен қатар туынды сын есімдер де анықтауыш болады. Беріекекі будун қурайақы, өңрекі будун келті – Түстіктегі халық, батыстағы, терістіктегі, шығыстағы халықтар келді. Бір атлығ бармыс тійін – Бір аттық жүріс дедім. Сөйлемдердегі беріекекі, қурайақы, йырайқы, өңрекі (түстіктегі, батыстағы, терістіктегі, шығыстағы) және атлығ (аттық) туынды сын есімдері де анықтауыш болып тұр[8].

Сан есімнен болған анықтауыштар. Көне жазбаларда көбінесе сілтеу есімдіктері анықтауыш қызметінде жиі қолданылған. Ол сабығ есідіп түн удысқым келмеді. – Ол сөзді есітіп түн ұйқым келмеді. Бу сүг елт тіді – Бұл әсерді өзің баста, деді.

Есімшеден болған анықтауыштар. Есімшенің көне түркі тіліндегі –дук, -тук, -ығма, -ігме тұлғалары анықтауыш ретінде көп жұмсалған.[8.85-б]. Өтүнтік өтүнүчүмін есідү берті – Өтінген өтінішімді естіп еді. Келігме беглеріне будуның ітіп йығып азча будун тезміс еді – Келген бектерін, халқын жиып жатқанда, аздаған халық қашқан еді.

Пысықтауыш. Тұрлаусыз мүшенің бірі болып табылатын пысықтауыш сөйлемде негізінен етістіктен болған мүшеге қатысты болып, сол мүшені мезгіл, мекен, мақсат, орындалу жағынан нақтылап, пысықтап тұрады[9].

Ескерткіштер тілінде пысықтауыш мүше болатын сөздер – үстеулер. Сонымен қатар, кейбір мезгіл, мекен мағынада айтылатын сөздер де пысықтауыш бола алады.

Пысықтауыштар мағынасына қарай төмендегідей беске бөлінеді:

1. Қимыл-сын пысықтауыш.
2. Мезгіл пысықтауыш.
3. Себеп пысықтауыш.
4. Мақсат пысықтауыш.
5. Мекен пысықтауыш.

Қимыл-сын пысықтауыш. Өрче қызып келті – Өртше қызып келді. Қытан өңденйен тег – Қытан шығыстан тиіндер.

Мезгіл пысықтауыш. Түн қатдымыз. Болчуқа таң үнтүрү тегдіміз – Түн қаттық. Болшыға таң ата жеттік. Ол оқ түн сайу ытымыз – Сол түні халық сыйына елші жібердік.

Себеп пысықтауыш. Анта кісре теңрі біліг бертүк үчүн өзүм өк қаған қысдым – Содан соң тәңрі білік бергені үшін өзімше оны қаған еттім.

Мақсат пысықтауыш. Турк будун қанын болмайын табғачда адырылты, қаңланты – Түркі халқы ханы болмай табғаштан бөлінді, ханданды.

Мекен пысықтауыш. Мезгіл пысықтауыштары мезгіл үстеулерінен және мезгіл мәнді зат есімдерден, олардың барыс, жатыс, шығыс, көмектес септіктерде келуі арқылы жасалады. Өңрекі ер йуғуру тегүріп ыбар бас асдымыз – Алдағы ер жоғары шығып бұталы (биік) басынан астық. Бениң будунуманта ерүр тіміс – Менің халқым да сонда болар деді. Табғачғару Қуны сеңүнүг ыдымыс – Табғашқа қарай Құны сеңүнді жіберді.

Қысқаша қорытындыласақ, қазіргі қазақ тіліндегі сөйлемнің тұрлаулы және тұрлаусыз мүшелері – тіліміздің грамматикалық құрылысында ертеден келе жатқан синтаксистік құбылыс. Бұған көне түркі жазба ескерткіштерінде кездесетін фактілер айқын айғақ бола алады. Жазба ескерткіштерде сөйлемнің тұрлаулы да, тұрлаусыз да мүшелері бірыңғай түрде кездеседі деген тұжырым жасауға негіз бар.

Әдебиеттер тізімі:

1. Сайрамбаев Т. Сөз тіркесі мен жай сөйлем синтасисі.– А.: 1991.-174 б.
2. Айдаров Ғ. Тоникук ескерткішінің тілі (VIII ғасыр). –А.: 2000. 120 б.
3. Серебренникова Б.А., Гаджиева Н.З. Сравнительная-историческая грамматика тюркских языков. –М., 1986. -287 б.
4. Айдаров Ғ. Күлтегін ескерткіші. – А.: 1995. -232 б.
5. Мұсабаев Ғ. Қазақ тілі тарихынан. –А.: 1988. -134 б.
6. Томанов М. Қазақ тілінің тарихи грамматикасы. –А.: 1988. -264 б.
7. Есенқұлов А. Көне түркі жазба ескерткіштерінің тілі. –А.: 1976. -239 б.
8. Бүркіт О. Түркітану. –А.: 2003. -136 б.
9. Айдаров Ғ. Көне түркі жазба ескерткіштерінің тілі. –А.: 1986. -173 б.

РЕЗЮМЕ/RESUME

Ахметова Нурбала Темирхановна

Бағдал Айболат

Частное учреждение «Академия «Bolashaq»

Караганда, Республика Казахстан

ЧЛЕНЫ ПРЕДЛОЖЕНИЯ НА ДРЕВНЕТЮРКСКОМ ЯЗЫКЕ

В статье рассматривается, что единые члены предложения в современном казахском языке – это давнее синтаксическое явление в грамматическом строении нашего языка, о чем свидетельствуют

факты, встречающиеся в древнетюркских письменных памятниках, что в письменных памятниках встречаются как устойчивые, так и не устойчивые члены предложения в единой форме.

Ключевые слова: Древнетюркский язык, диалект, письменность, род-племя, улус, история нации, синтаксическое построение, категория, члены предложения, главные члены предложения, второстепенные члены предложения, словосочетание, предложение.

Akhmetova Nurbala, Bagdal Aibolat
Private institution «Academy «Bolashaq»
Karaganda, Republic of Kazakhstan

MEMBERS OF SENTENCES IN THE ANCIENT TURKIC LANGUAGE

The article considers that the unified sentence terms in the modern Kazakh language are a long-standing syntactic phenomenon in the grammatical structure of our language, as evidenced by the facts found in ancient Turkic written monuments, that in written monuments there are both stable and non-stable sentence terms in a single form.

Keywords: ancient Turkic language, dialect, writing system, clan-tribe, ulus, history of the nation, syntactic structure, category, sentence members, main sentence members, secondary sentence members, phrase, sentence.

List of references:

1. Sairambayev T. syntaxis of a phrase and a simple sentence.- A. 1991. -174 P.
2. Aidarov G. language of the Tonikuk monument (VIII century). - A. 2000.
3. Serebrennikov B. A., Gadzhieva N. Z. comparative-historical grammar of Turkic languages. Moscow, 1986.
4. monument to Aidarov G. Kultegin. - A. 1995.
5. Musabayev G. from the history of the Kazakh language. - A. 1988.
6. Tomanov M. historical grammar of the Kazakh language. - A. 1988.
7. Yessenkulov A. language of ancient Turkic written monuments. - A. 1976.
8. Berkut O. Turkology. - A. 2003. -136 P.
9. Aidarov G. language of ancient Turkic written monuments. - A. 1986.

ӘОК 81:001.4
ҒТАХР 10.02.19

Жартыбаев Асылбек Ешенқұлұлы
as.zhar@mail.ru
«Silkwai» Халықаралық университеті
Қарағанды, Қазақстан Республикасы
Ақылбаева Гүлнар Исламовна
Akilbayeva71@mail.ru
Сағи Әсем Әлмаханқызы
asem_sagi_97@mail.ru
«Silkwai» Халықаралық университеті
Шымкент, Қазақстан Республикасы

ҰЛТТЫҚ ТОПОНИМИЯ ТЕРМИНДЕРІНІҢ КЕЙБІР МӘСЕЛЕЛЕРІ

Мақалада қазақ топонимдері терминдерінің қолданылу аясы, мағыналық мазмұны, аймақтық топонимиядағы қызметі, даму жолдарының негізгі шарттары этнос тарихымен тығыз бірлікте қарастырылады. Авторлар топонимиялық терминдердің қалыптасу жолдары жергілікті ұлт өкілдерінің тарихи-әлеуметтік даму жолдарына тікелей байланысты деген түйіндеме жасайды.

Тірек сөздер: топоним, термин, аймақ, мағыналық, халықтық, ұлттық, ороним, гидроним, антропоним, ойконим, тілдік аймақ, өлке, өңір, тарих, экономикалық, әлеуметтік, лингвистика, аумақ, кеңістік, әдебиеттер.

Қазақ халқының ұлттық топонимия терминдері түркі дәуірінен де арғы кезеңдерден бастау

алатындығы қазіргі таңда толық дәлелденген. Оған алтай тіл бірлестігі дәуіріне тән көне түбірлер мен географиялық терминдердің (қар, ғар, аймақ т.б.) қазіргі қазақ тілінде ұшырасуы, күнделікті тілдік қолданыста болуы толық дәлел. Алайда, тамыры тереңнен бастау алған топонимиялық терминдердің даму, қолданылу аясын зерттеуге осы сала мамандарының пікірлері бір аяда тоғыса бермейді. Сондықтан да болар, соңғы жылдарда түркі, қазақ ономастикасына қатысты жарық көріп жатқан зерттеу еңбектерінде күні бүгінге дейін қалыптасып орныққан, тілдік қолданыста жүрген жер-су атаулары терминдері көршілес, шет ел тілдері терминдеріне қатысты аталып, ана тілінде жазылған зерттеу еңбектерінде де солай беріліп жүр. Бұл қазіргі таңда, өз ұлттық терминологиямызды қалыптастыру, дамыту кезеңінде тұрған шағымызда алаңдатарлық іс болып табылмақ. Әлемдік топонимия терминдерінің тереңіне бойламай-ақ үстіңгі қабатында қолданыста жүрген ороним – тау атаулары, гидроним – өзен-көл атаулары, антропоним – кісі есімдері, ойконим – елді мекен атаулары секілді топонимиялық терминдер ономаст ғалымдарымыздың санасына сіңіп, сөздік қорына айналып кеткен. Аталған терминдер ғылыми ортада кеңінен қолданылып жүргенімен, көпшілік оқырман қауымның түсінігіне ауырлық туындатуы даусыз. Бұл жайдың ұлттық топонимия терминдерінің дамуына кері әсер ететіні белгілі географ, топонимия саласының ірі маманы Э.М. Мурзаев еңбегінде былайша түйінделеді: «Терминдер – топонимияның негізі, олар географиялық атаулардың мағыналық мазмұнын анықтайтын бөлігі болып табылады... кез келген топонимиялық зерттеу халықтық географиялық терминдерді зерттеуден басталуы қажет және қазіргі, сол сияқты түбірлі (субстратты) жергілікті терминология міндетті түрде ескерілуі қажет» [1, 98-99]. Осы тұжырымды басшылыққа ала отырып, олардың мағыналық жүктемесінің ара-жігін ажырату ісін халықтық және жергілікті географиялық терминологияның нақты ерекшеліктерімен байланысты қарау топонимиялық терминдерді зерттеудің сара жолы болмақ. Жалпы, белгілі бір ұлт пен ұлыстың сан ғасырлық даму жолдары-сол ұлт тілі мен мәдениетіне, барша адами болмысына әсер етіп, тікелей ықпал жасайтыны даусыз шындық. Даму жолдарының негізгі шарттары көшпелі өмір салтына негізделген қазақ халқының тілдік тарихы рулық, тайпалық қоғам ерекшеліктерімен тығыз байланысты қалыптасқан. Яғни, рулық-тайпалық этносы белгілі бір аймақта жан-жақты дамып, қалыптаса түскен. Сондықтан да, этнос дамуынан туындайтын этногенез мәселесін саралауда белгілі бір этникалық қауымдардың өмір салтына, шаруашылық-мәдени типіне ден қою қажет. Ал кез келген салт-дәстүр, кез келген мәдени таным мен шаруашылық түрлері өз болмысымен үндес этникалық қасиеттерді тудырады. Бұл орайда «ұлт болып қалыптасу үшін таптық қоғамды бастан өткеріп, капиталистік немесе социалистік экономикалық қатынастарға тұяқ іліктіру керек» дейтін қағидалардың көшпелілер қоғамындағы этногенездік процеске сай келмейтінін ескеру қажет. Себебі көшпелілердің бүкіл этникалық тарихы, қоғамдық өмірдегі әрекеттілігі ең алдымен табиғи орта мен әлеуметтік-экономикалық жағдайлардың біте қайнасқан байланыстары арқылы көрініс береді. Былайша айтқанда, әрбір этностың бөлек-бөлек өмір салтына сай, бөлек-бөлек шаруашылық-мәдени сүлесіне үндес өзіндік төл қасиеті бар материалдық мәдениет қалыптасады. Сөйтіп, белгілі бір әлеуметтік қауым этностенген кезде этникалық мәдениет қоғам өмірін тігінен де (мәдени деңгейлері), көлденеңінен де (мәдени айғақтар) біртұтас етеді. Мұндай біртұтастық сезім әрбір қауым мүшесінің бойында мекен-тұрақтың, өмір-салттың, тілдің, мінез-құлықтың, дүние-тіршілікті парықтаудың, қандас-текестіктің біртұтас болуы арқылы жүзеге асады [2,84-87]. Бұл жайлар, әрине, сол өңірдегі жердің тілі – топонимдерде, топонимдік терминдерде айқын көрініс береді.

Осы орайда қазіргі топонимиялық термин ретінде қолданыста жүрген бір ғана **аймақ** термині мен оның тілдік қолданыстағы жайы туралы ой өрбітсек. Тілімізде аймақ терминімен қатар өңір, өлке, регионалды топонимдер терминдері де қолданымға ие болып жүр. Бұл терминдердің қолданылу аясы, шеңбері, көлемдері де әртекті. Аймақ – түркі-моңғол тіл бірлестігі дәуіріне тән топонимиялық термин. Ол термин туралы төмендегідей анықтамалар бар: «Аймақ – Республиканың бірнеше елді мекендері енгізілетін, оның бір мүддесі үшін құрылатын және басқарылатын Республика аумағының бір бөлігі [3,14]. Қазақстандық ғалым-социолінгвист Б.Хасанұлы *аймақ, тілдік аймақ* ұғымдарына мынадай түсінік береді: «*Аймақ* сөзінің мағынасы – өлке, өңір. Ғылыми тұрғыдан алғанда, аймақ – елдің табиғи және тарихи қалыптасқан экономикалық, әлеуметтік, мәдени ерекшелік жиынтығымен дараланатын бөлігі немесе бөліктері. Әлеуметтік лингвистика тұрғысынан алғанда, *тілдік аймақ (аймақ тілдері) деген – тілдік жағдаяты (ситуация)*, жалпы алғанда, ұқсас болып келген, елдің жақын орналасқан әкімшілік-аумақтық құрылыстағы буындарда (облыс, аудан, ауылдық (селолық округ)) қоғамдық қызмет

атқаратын тілдер тобы орналасқан аумақ. Аймақ деген қазақ ұғымында ауданнан көлемді белгілі бір аумақтық таксономиялық бірлік (единица). (Таксономия гректің *saxis* – орналасу, тәртіп және *potos* – заң деген сөздерінен шыққан). Тілдік аймақ тілдер қолданысымен туындайтын іштей тілдік ахуал ортақтығына негізделген, мөлшері ауқымды кеңістік [4, 35-36].

Аймақтық топонимиканың мәселелері мен сауалдарын қарастырар алдында оның ұғымдық аппараттарын, алдымен «аймақ» деген ұғымды айқындап алу қажет. Отандық және шетелдік ғылыми әдебиеттерде «аймақ» ұғымына әр түрлі анықтамалар беріледі. Аймақ экономикалық аймақ, тілдік аймақ, әлеуметтік-территориялық аймақ және т.б. түрлерге бөлініп, «аймақ» ұғымына жүзге жуық түсіндірме берген. Мәселен, А.В.Пискулькин аймақ дегеніміз елдің өзінің географиялық жағдайлары мен табиғи-ресурстық ерекшелігі бар халық шаруашылығының кешені, ол аудандар өндірістік-техникалық та, экономикалық та тұрғыдан шектеулі болады дей келіп, «аймақ» ұғымына сол аймақтағы аудан, өлке, облыс, қала және т.б. әкімшілік бөлініс ұғымдары да кіретіндігін баяндайды [5, 79]. Ал Н.А. Айтов «аймақ» ұғымына территориялық қана емес, экономикалық, саяси және рухани өмірлерінің тұтастығы бар әлеуметтік-экономикалық қауымдастық та жататынын айтады [6, 4]. Қазіргі таңда шетел зерттеушілері еңбектерінде де аймақ ұғымы туралы қалыптасқан бірізді түсінік жоқтығы соңғы жылдардағы зерттеу еңбектерінде айтылып жүр. Бұл туралы Америка зерттеушілері П.Джеймс пен Дж. Мартиннің төмендегідей пікірлері бар: «Обычно под словом «регион» понимается целостный участок территории, отличающийся некоторой однородностью в своей основе, но не обладающий четкими границами. Более того, это слово часто употребляют обозначения весьма обширных территорий, образующих главные подразделения континентов. Но на профессиональном языке географов, используемом здесь, *регион* или *район* применяют по отношению к территориям самой разной площади, но которые характеризуются определенной однородностью, являющейся специфической и служащей основанием для того, чтобы выделить эти территории» [7, 19].

Қазақстан топонимдері құрамында актив қолданылатын сөздер тобы молынан ұшырасады. Ол топтағы сөздерді ұлттық географиялық терминдер деп атау дәстүрге айналған. Халықтық географиялық терминдер мен апеллятивтер негізінде жасалған оронимдер негізінен халық тұрмысына қатыстылығын білдіріп тұрады. Ғасырлар бойы мал шаруашылығымен шұғылданып, көшіп-қонып жүрген халқымыз тау, төбе, жота, адыр, қыр, қыраттардағы жайылымдар мен соны шабындықтарға терең мағыналы атаулар беріп, ат қойып, айдар тағып отырған. Ондай оронимиялық атаулардың кейбіреуі географиялық терминдер негізінде қойылған. Мәселен, Жазық, ащы, тұмсық, кезең, шұрық, үстірт, ыза, құрдым, еспе т.б.

Еспе – өзен, сай, шат т.б. Қарағанды, Қызылорда, Жамбыл мен Түркістан т.б. облыстары жерінде де осы терминге сәйкес гидронимдер жиі ұшырасады. Дегенмен, еспе детерминативі арқылы жасалған гидронимдердің Орталық Қазақстан жерінде жүйелі түрде ұшырасатынын байқадық, әрі бұл детерминатив қатысы арқылы жасалған атаулар негізінен жартылай шөлейтті, шөлейтті құмды өңірлерде ғана кездеседі. Олардың басым тобы кезінде сол өңірлерді мекендеген тұрғындар (адам) есімдеріне байланысты аталған: Айтуареспе, Еспемейірман, Жантуареспе, Ақатайеспесі және т.б. Түр-түс пен түрлі жайларға қатысты аталғандары: *Қараеспе*, *Қызылеспе*, *Жыланышықеспе*, *Кебенекеспе*, *Талдыеспе*, *Талдыеспесай*, *Шиліеспе*, *Шолақеспе* және т.б. Еспе детерминативі – аталған өңірлерде көктем кезінде, су тасығанда өзен арнасынан асып, далаға кең жайыла ағатын, бір мезгілдік қана өзен.

Қазақ жерінде аса жиі қолданылатын детерминативтің бірі – құдық лексемасы. Жалпы қазақ гидротермині құрамында құдық түрлеріне қатысты «құдық», «шыңырау», «апан», «қауға», «орпа», «шеген» терминдері кездеседі. Шөлді, далалы алқаптағы ауыз су тапшылығы ондай жерлерде бірден-бір су көзі болып табылатын құдықтарға үлкен құрметпен қаралуы – олардың бір-бірінен айырмашылығын дәл бейнелейтін термин-индикаторлардың қалыптасуына негіз болған. Мысалы, Үстірт қазақтарында тайыз құдықтар «еспе», ал тереңдігі 2 саженге (4,6 м.) дейінгілері «құдық» немесе «күю» (Құймақұдық), одан тереңдерін «шыңырау» деп атаған [8,24]. В.Н.Попова Павлодар облысы жеріндегі 352 құдық атауының 337-сі «құдық», жетеуі «апан», бесеуі «шыңырау», үшеуі «қауға» термині қатысы арқылы жасалғанын жазады [9,155]. Орталық Қазақстан жерінде осы термин –индикаторлардың құдық, апан, шыңырау, шеген т.б. түрлерінің ұшырасуы құдық гидрониміне қатысты терминдерінің қазақ жеріне кең таралғанын көрсетеді. Әрі олардың барлық өңірлерде сәйкес мағынада қолданылуы бұл терминдердің көне қазақ тілі дәуіріне қатысын байқатады. Құдықты сипаттайтын терминдердің топоним құрамындағы мағыналық жүктеме ретіндегі орны шаруашылық қажеттілігінен туындаған. Топоним құрамындағы шыңырау термині құдықтың терең екендігін

(*Басшыңырау, Қосшыңырау, Құмшыңырау, Шыңырауқұдық*), апан термині ескілігін, кеңдігін (*Бесапан, Қарапан, Сарыпан, Талдыпан, Үшапан*) орпа термині терең еместігін (*Ауызорпа, Ащыорпа, Жаңаорпа, Мыңорпа*) сипаттап, құдықтар туралы мәліметтер ұсынады [10,52].

